



«ЕЛДІ ОЯТУ ҮШІН,
ТАРИХТЫ ОЯТУ КЕРЕК!»

2-бет

ҰЛТТЫҚ ҚОР БОЛАШАҚ ҰРПАҚТЫҢ ҚОРЫНА АЙНАЛАДЫ



Алдағы үш жылға арналған қаржы құжаты Мәжіліске қайтарылды. Өткен аптада Парламент Сенатының жалпы отырысында «Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2023–2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» және «2023–2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобалары қаралған болатын. Бұл заң жобалары жалпы елдегі маңызды әлеуметтік мәселелерді шешуге және дамытуға бағытталған. Сондықтан, онда елді алаңдатқан негізгі проблемаларды шешуге жеткілікті қаражат қарастырылған.

(Соңы 2-бетте)



ЖАЗАНЫ БЕЛГІЛЕУ –
КҮРДЕЛІ ПРОЦЕСС

4-бет



КӨК БАРАҚ

8-бет

БАҒДАР

САУАЛНАМАНЫ КІМДЕР ЖҮРГІЗЕ АЛАДЫ?

САЙЛАУ ӨТКІЗУ КЕЗЕҢІНДЕ ҚОҒАМДЫҚ ПІКІРГЕ САУАЛНАМА ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ

Қазіргі уақытта биылғы жылдың 20 қарашасына тағайындалған ел Президентінің кезектен тыс сайлауы шеңберінде үгіт-насихат кезеңі жалғасуда. Осы кезеңде сайлауға байланысты қоғамдық пікірге сауал жүргізу тәртібі заңмен қатаң реттеледі.

Сауалнама жүргізу құқығын іске асырудың негіздері мен тәртібі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 29-бабында (9-тармақ, бұдан әрі – Конституциялық заң) бекітілген. Нақты айтқанда, аталған құқықтық нормаға сай қоғамдық пікірге сауалнама жүргізуде кемінде 5 жыл тәжірибесі бар мамандар, олар жүргізілетін өңірлер, қолданылатын талдау әдістері туралы ОСК-ны (Орталық сайлау комиссиясын) алдын ала жазбаша хабардар еткен, тіркелген заңды тұлғалар жүргізуге құқылы.

Хабарламада сауалнама жүргізуге қатысатын және онда жұмыс тәжірибесі бар мамандар, олар жүргізілетін өңірлер, қолданылатын талдау әдістері туралы мәліметтер көрсетілуі тиіс.

Ағымдағы жылғы 14 қарашадағы жағдай бойынша осындай жазбаша хабарламалармен ОСК-ға 7 заңды тұлға жүгінді. Сайлау күні дауыс беруге

арналған үй-жайда қоғамдық пікірге сауалнама жүргізуге тыйым салынады.

Бұл ретте, сайлау күні сайлау учаскелерінен шығу кезінде ОСК-ны жазбаша хабардар еткен, заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелген заңды тұлғаларға сауалнама жүргізуге рұқсат етіледі.

Өз кезегінде, БАҚ сауалнама нәтижелерін жариялау кезінде оны жүргізген заңды тұлғаны және сауалнамаға тапсырыс берген және төлеген адамдарды, өткізу уақытын, ақпарат жинау әдісін, сұрақтардың нақты тұжырымын, сұралғандардың санын және сауалнама нәтижелерінің кателік коэффициентін көрсетуге міндетті.

Сауалнама нәтижелерін, сайлау нәтижелерінің болжамдарын, сайлауға байланысты өзге де зерттеулерді БАҚ-та жариялауға дауыс беру күніне дейін 5 күн ішінде және дауыс беру күні жол

берілмейді. Осылайша, ағымдағы сайлау науқаны жағдайында БАҚ сауалнаманы 15 қарашаға дейін жариялай алады.

Сайлау күні сайлау учаскелерінен шыққанда жүзеге асырылған қоғамдық пікірге сауал салу нәтижелерін БАҚ-та жариялау дауыс беру күнінен кейін рұқсат етіледі. Конституциялық заңның көрсетілген талаптарын сақтамау Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 120-бабының тиісті бөліктері бойынша жауаптылыққа әкеп соғады.

Қазіргі уақытта жеке тұлғалар жүргізген сауалнамаға байланысты мұндай бұзушылықтардың 2 фактісі орын алды. Оларға әкімшілік айыппұл салынды.

Осыған орай Бас прокуратура барлық жеке және заңды тұлғаларды, бұқаралық ақпарат құралдарын сайлау процесінің бұзылуына жол бермеуге, оның ішінде сайлауға байланысты қоғамдық пікірге сауалнама жүргізу және жариялау кезінде Конституциялық заңды мүлтіксіз сақтауға шақырады.

Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Нұржан ҚАРАБАЕВ, Алматы қаласы
Алатау аудандық сотының судьясы:

«АЛМАТЫДАҒЫ
ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС
ҚАРАЙТЫН
СОТТАРДЫ
БІРІКТІРУ
ТИІМДІ»

– Нұржан Ерубайұлы, үнемі жаңа жобаларға бастама көтеріп, игі істердің басы-қасында жүресіз. Судьялардың кәсіби мерекесінің жоқ екенін алғаш рет айтып, «Заң газеті» арқылы ұсыныс-тілегіңізді қоғамға жеткізгеніңізді әлі есімізде. Биылдан бастап судьялар мен сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесі айқындалды. Жаңалықты естігенде қандай сезімде болдыңыз?

– Иә, елімізде кез келген сала маманының кәсіби мерекесі бар. Мұндай мерекенің белгіленуі кәсіптің беделін көтереді, осы салада еңбек етіп жүрген мамандардың қызметіне қоғамның жаңаша үңілуіне, мән беруіне ықпал етеді.

(Соңы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Соның ішінде Мемлекет басшысының тапсырмасына орай «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру үшін алдағы үш жылда шамамен 2,6 трлн теңге бөлінеді. Бұл бұрынғыға қосымша 820 мыңнан астам оқушы орны деген сөз. Осының арқасында еліміздегі үш ауысымды мектеп және бір сыныптағы балалар санының шамадан тыс көптігіне қатысты проблема белгілі деңгейде шешіледі. Сондай-ақ, әлеуметтік төлемдерді индекстеуге, педагогтар мен дәрігерлердің және азаматтық қызметкерлердің жалақысын 25 пайызға арттыруға тиісті қаражат қарастырылды. Жергілікті бюджеттерге жалпы трансферттерді ескерсек, келесі жылы әлеуметтік шығыстар 2 трлн теңгеге, яғни шамамен 20 пайызға өседі. Ұлттық қордан трансферттер көлемін кезең-кезеңімен қысқарту да жоспарланып отыр. Мемлекет басшысының шешіміне сәйкес Ұлттық қордың инвестициялық табысының жартысы балалардың жинақтау шоттарына аударылатыны белгілі. Аталған төлемдер 2023 жылдың қорытындысы бойынша жүргізіле бастайды. Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев атап өткендей, бұл Ұлттық қор болашақ ұрпақтың қорына айналады деген сөз.

Жиында қосымша баяндама жасаған Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Серікбай Тұрымовтың айтуынша, аталмыш заң жобаларын талқылау кезінде Палата депутаттарынан 100-ден астам ұсыныс келіп түсіпті. Олардың бірқатары қабылданып, құжатқа енді. Мәселен, елді мекендердің көшелерін, автожолдар мен көпірлерді салуға және қайта қалпына келтіруге қосымша 13,7 млрд теңге бөлінетін болды. Тек келесі жылдың өзінде осы мақсатқа 7,8 млрд теңге жұмсалады. Халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету үшін қосымша 22,2 млрд теңге қарастырылып отыр. Сенаторлардың бұл ұсынысы тұрғындардың сумен қамтылуын қалалық

жерлерде – 99 пайызға, ал ауылдарда 96,1 пайызға арттыруға ықпал етеді. Газбен жабдықтау жұмыстарын одан әрі жақсартуға 14 млрд теңге бағытталады. Бұл газдандыру деңгейін 61,6 пайызға дейін жеткізуге жол ашады.

Отырыс барысында депутаттар өңірлерді өркендету саясатына, оның ішінде салық түсімдеріне, агросекторды қолдауға, шағын және орта бизнесті дамытуға байланысты және басқа да

мәселелерді көтерді. Мәселен, Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев бизнеске арналған «ойын ережелерінің» үнемі өзгеруіне алаңдаушылық білдірді. Мәулен Сағатханұлының айтуынша, бұл бағытта болжамды салық саясаты қажет. Мемлекет басшысы өзінің жолдауында жаңа экономикалық бағыттың басымдықтарын тұжырымдады. Жаңа әділетті Қазақстандағы өркендеудің маңызды бөлігі – болжамды экономикалық саясат. Бизнес пен қоғам экономикада түсінікті, әділ және тұрақты «ойын ережелерін» қажет етеді. Бұл инвестициялық ахуалдың және келешектегі орнықты дамудың негізі. Сондықтан ойын ережелері жиі өзгермеуі керек. Оның үстіне біржағына өзгере бермеуге тиіс. Салық заңнамасына да бұл талап толықтай қатысты. Салық жүйесі, бір жағынан, өндірістерді, шағын және орта бизнесті дамытуды ынталандырса, екінші жағынан, ұлттық кірісті қайта бөлуі қажет. Мемлекет басшысы жаңа Салық кодексін қабылдауды тапсырды. Жұмыс жүріп жатыр. Оны әзірлеу процесін жасанды түрде жеделдетпей, онымен мұқият жұмыс жүруі керек.

Осы орайда бизнестің, өңірлердің, салалардың, депутаттардың пікірлері ескерілуі тиіс. Сенат төрағасы өз ойын «Біз пысықталған кодексті дайындаймыз, оны қабылдаймыз және егер Мемлекет басшысы оны қолдаса, оған біраз уақыт өзгерістер енгізбейміз. Бизнеске ұзақ мерзімді және түсінікті «ойын ережелері» керек. Қазір Салық кодексін қабылдап, содан жарты жылдан кейін оған өзгерістер енгізсе, мұның бәрі ШОБ

өкілдері мен инвесторлардың жұмысына кері әсерін тигізеді. Заңнаманың тұрақтылығы осы жерде қамтамасыз етілуіге тиіс», – деп түйді.

Сенатор Ақмарал Әлназарова Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты мен Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісінің Сенаты арасындағы Ынтымақтастық жөніндегі комиссияның отырысында Қазақстан Арал өңірінде денсаулық сақтау жүйесін күшейту жөнінде бірқатар бастамалар мен шаралар қабылдап жатқанына назар аудартты. Соған қарамастан, Арал өңірі тұрғындарының денсаулық көрсеткіштері жақсарған жоқ. Өңірдегі денсаулық сақтау жүйесі жергілікті халықтың сырқаттық деңгейінің жоғарылығы, мүгедектік пен өлім-жітімнің көптігі бойынша аса күрделі сын-қатерлерге тап болып отыр. Арал өңіріндегі туу көрсеткіші соңғы 5 жылда 13,6 пайызға төмендеді. Халықтың табиғи өсімі 12,4 пайызға азайды. Өңірде тұратын жүкті әйелдердің денсаулық индексі республикалық көрсеткіштен 1,6 есе төмен. Сәбилер шетінеуінің көрсеткіші дәстүрлі түрде республикалық көрсет-

кіштен жоғары және азаймай отыр. Депутат осыған байланысты экологиялық және климаттық дағдарыс жағдайында денсаулық сақтау саласындағы өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бағдарлама дайындауды ұсынды. Оның айтуынша, бағдарламаны іске асыру және проблемаларды кешенді шешу үшін біз Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы парламент-шілерінің өзара іс-қимылын одан әрі күшейтіп, бағдарламаны қаржыландыру көзін іздестіруіміз қажет. Жуырда өтетін комиссияның үшінші отырысын-

да Арал теңізі бассейнінің мәселелерін шешуде әріптестік ынтымақты нығайту өте маңызды.

Сенатор Бекболат Орынбеков жалпы сипаттағы трансферттер әкімдіктердің қаржылық мүмкіндіктерін теңестіру қажеттігін мәлімдеді. Оның айтуынша, бұл ретте әлі күнге түрлі көрсеткіштер бойынша аймақтар арасындағы диспропорция жойылар емес. Жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу үнемі жетілдіріліп отыратынын, жаңа тәсілдер қолданылатынын, бірақ өзекті мәселелер әлі де сақталып отыр. Бұл әсіресе, орталық мемлекеттік органдармен жобаларды келісу кезінде айқын көрінеді, оның рәсімі 6 айға дейін созылуы мүмкін. Нәтижесінде, жұмыс іс жүзінде басталғанша, олардың бағасы да өсіп кетеді. Отандық бюджет жүйесінде төрт деңгей болғандықтан, өңірдегі бір объектіні қаржыландыру бюджеттің үш деңгейінде бірден – республикалық, облыстық және аудандық деңгейде жүзеге асуы мүмкін. Мұндай нысандарды жоспарлау уақыт өте келе созыла береді, өйткені жобаны бюджеттің әр деңгейінде де қорғауы керек. Осылайша,

шығындарды жоспарлау мен негіздеуге, мемлекеттік сараптаманың қорытындысын алуға және қандай да бір объект бойынша мердігерді анықтауға 2 жылға дейін уақыт кетуі мүмкін. Осы уақыт ішінде нарықтағы жағдай мен баға айтарлықтай өзгеруі ықтимал. Сонда шығындарды түзету қажет болады, ал кез келген өзгерістер қайтадан бірнеше рет келісуді қажет етеді.

Депутат сондай-ақ, орталық мемлекеттік органдардың жергілікті бюджеттерден жоғары тұрған бюджеттен өтемақысыз қосымша шығындарды көздейтін нормативтік құқықтық актілер қабылдауын назардан тыс қалдырмады. Ол бұл тәсіл жергілікті атқарушы органдардың өңірлік экономиканы дамыту жөніндегі бастамасын тежейтінін атап өтті. Оның айтуынша, шынында да, егер орталық атқарушы органдар бұл қосымша кірістерді өз қалауы бойынша қайта бөлсе, неге өңірлер өздерінің бюджеттік кірістерін арттыруға тырысады. Жергілікті және орталық атқарушы органдардың мүдделер қақтығысы көрініп тұр. Сенатор осыған байланысты Үкіметті бюджетаралық қатынастарды жетілдіру жөніндегі жұмысты күшейтуге шақырды. Депутат сондай-ақ, заңмен бекітілген трансфертер сомасын қатаң ұстану және бюджет саласындағы 1+1 барлық шешімдерді өңірлердің дербестігі мен риясыз қызметін арттырудағы басымдық қағидатын негізге ала отырып қабылдау қажеттігін атап өтті.

Осы секілді мәселелер бойынша қайта пысықталу үшін «Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2023–2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» және «2023–2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобалары төменгі палатаға қайтарылды. Ал «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2023–2025 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» заң қабылданып, Мемлекет басшысының қол қоюына жіберілді.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ТӘЛІМ

Қай заманда да білімнің құны бағалы. Бүгінгідей ғылым мен техника қарыштап дамыған тұста әр мемлекеттің басымдықты қазба байлыққа емес, білімді ұрпаққа бағыттап отырғаны жасырын емес. Шәкірттерге білімнің маңызын түсіндіріп, ізденісін қолдау мақсатында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің заң факультетінде түрлі шаралар өтіп тұрады.

БІЛЕГІҢЕ СЕНБЕ,
БІЛІМІҢЕ СЕН!



«Бізде заңгерлер көп» дегенді қазір жиі естіміз. Бірақ, жыл сайын білім ордаларынан түлеп ұшатын мыңдаған заңгердің бәрі бірдей нарықтан өз орнын таба алмайтыны белгілі. Біздің мақсатымыз – осы мамандардың ішінен оқ бойы озық тұратын, елдің қажетіне жарайтын, білімі мен білігін мойындатқан мамандар дайындау. Заң саласының білгірлерін қалыптастыруда қоғамдағы түрлі өзекті мәселелерді шәкірттердің талқысына салып, оларды көпшілікті тыңдауға, өз ойын ашық, бүкпесіз айтуға, сауатты пікір алмасуға үйрету де аса маңызды. Осыған орай Заң факультетінің «Кеден, қаржы және экологиялық құқық» кафедрасында жақында өтетін сайлауға байланысты студенттермен пікірталас өтті. Осыған орай, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның тарихы баяндалып, негізгі баптарға шолу жасалды.

Пікірталас барысында студенттер Президент сайлауына қатысты ойларын

айтып, өздерін қызықтырған сауалдарды ортаға тастады. Әсіресе, шәкірттер сайлаудағы үміткерлерді іріктеу сатысына, үміткерлердің өзін-өзі жарнамалау әдісіне қызығушылық танытты. Шара барысында сайлау тәртібін бұзғандарға қолданылатын әкімшілік, қылмыстық жауаптылық түрлері де жан-жақты айтылды. Мұндай пәрменді шараларды заңгер боламын деген мамандар әзірден жетік білуі керек. Өйткені, қолында дипломы болмаса да, заңгерлік білім алып жатқан жасты айналасындағылар болашақ құқық қорғаушы, прокурор, адвокат, судья деп түсінеді. Ал бұларды қоғамдағы басты мәселе болып отырған сайлауға қатысты заңдылықты білу – маманға ғана емес, оларды дайындап отырған оқу орнына деген құрметті де арттырады.

Гүлдана ҚУАНАЛИЕВА,
әл-Фараби атындағы
Қазақ Ұлттық университетінің
профессоры

ПАРЫЗ

«ЕЛДІ ОЯТУ ҮШІН,
ТАРИХТЫ ОЯТУ КЕРЕК!»

Өткенге салауат айтып, жоғын түгендемей болашақтың мәнді болуы мүмкін емес. Тарихты түгендеу ел үшін, ұрпақ үшін керек. «Елді ояту үшін, тарихты ояту керек» деген екен ғалым ағамыз Мырзатай Жолдасбеков. Сол айтпақшы, мемлекетті тұғырлы етуге, елдің бірлік, ынтымағын арттыруға зор ықпал өтетін тарихты ұлықтаудың маңызы зор. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға қатысты ауқымды шаралардың қолға алынуына да осы ұлы мақсаттың ықпал еткені анық.

Тәуелсіздікке қолы жетіп, азаттықтың асқақ рухын сезінгенге дейін қазақ халқы небір қиындықты, небір нәубетті басынан кешірді. Халықтың кешегі тарихын өкінішсіз еске алмау мүмкін емес. Әсіресе, саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болған арыстарымыздың жазықсыз жазалануы ұлттың үмітін әлсіретіп, меселін басудың амалы болғаны талассыз. Барын халқына арнаған сол боздақтардың жоғалған мұраларын іздеп, жарыққа шығарудың сәті тек егемендік алғаннан кейін ғана мүмкін болды. Әрине, еліне адал қызмет еткені үшін нақақ жазаланған тұлғалар зор құрметке лайық.

1993 жылғы 14 сәуірде Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңы қабылданды. Бұл саяси қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарға қатысты әділеттілікті қалпына келтіруге, ақтауға, оларға келтірілген моральдық және материалдық залалды өтеуді қамтамасыз етуге қатысты жасалған алғашқы қадам еді. Мұндай заңның қабылдануы қазақ тарихын басқа қырынан зерделеп, мұрағаттарды тереңірек зерттеуге жол ашты. Ал 1997 жылдың «Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп арнайы жариялануы елдің ертеңі үшін еңбек еткен ерлердің мұраларын мейлінше терең таразылауға, індете іздеуге ықпалын тигізді.

Күнтізбеде «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні» деп 31 мамырдың белгіленуі де ақтандақ жылдардың ұмытылмауына, арыстар аманатын орындауға ұмтылыс десек қателеспейміз. Содан бері 31 мамырда саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алып, зиярат ету, білім ордаларында арыстардың еңбегін дәріптеу дәстүр-

ге айналды. Бүгінде елімізде саяси қуғын-сүргін құрбандарын кешенді зерделеу жөніндегі арнайы комиссия жұмыс істейді. Комиссия құрамына ҚР Парламентінің депутаттары, тарихшы ғалымдар, ұлттық саясат жөніндегі сарапшылар, демографтар топтастырылған. Олардың бағыт-бағдар беріп, жөн сілтеуімен аймақтағы комиссиялар да ауқымды шараларды жүзеге асырып келеді. Комиссия мүшелерінің жұмысы ұлт-азаттық күреске қатысушыларға, сондай-ақ, республика аумағынан кетуге мәжбүр болған азаматтар мен олардың ұрпақтарына және саяси қуғын-сүргін құрбандарының басқа да әлеуметтік топтарына қатысты тарихи деректер мен әділеттілікті қалпына келтіруге бағытталған.

Мұндай комиссия Алматы облысында да белсенді жұмыс атқарып келеді. Алматы облысы Талғар ауданына қарасты Жанаалы ауылында орналасқан саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған музей сол жанкешті

жұмыстың түпкі нәтижесі іспеттес. Бұл музей 2018 жылы пайдалануға берілген болатын. Тарихи музейдің Жанаалы ауылында ашылуының мәні бар. Оның себебі қызыл террордың қанды қылышына іліккен 4 мыңнан астам жазықсыз құрбан осы Жанаалы ауылының маңына көмілген екен. Алматыдан 40 шақырым қашықтықтағы ауылдың маңы 1938 жылдары «ұштіктің» шешімімен атылған адамдарды жерлейтін орынға айналғаны тарихтан белгілі. 1988 жылдан саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жұмыстары басталғанда бұл маңға көмілген жазықсыз жандарды еске алу ісі де қолға алынған болатын.

Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен жүзеге асырылған музей құрылысына 288 млн теңге қаражат бөлінген. Бір жыл ішінде салынған музейдің жалпы аумағы 535 шаршы метрді құрайды. Музейдің экспозициялық залында ұлт қайраткерлері туралы материалдар қойылып, осы жерде жерленген 4 мыңнан аса саяси-қуғын-сүргін құрбандарының аты-жөндері тас тақтаға ойылып жазылған.

Тарихтың ақтаңдақ беттерін ақтарып, халықтың жоғын түгендеу мұнымен тоқтамайды. «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау» бойынша құрылған Алматы облысындағы аймақтық комиссияның да бұл бағытта жасаған ізденістері қомақты. Мұрағат деректеріне негізделген зерттеулердің тарихты түгендеп қоймай, ұрпағымыздың өткенімізге қатысты бай мағлұмат алуына көмектесері анық.

А.САТЫБАЛДЫ,
«Заң газеті»



БАЗЫНА

УАҚЫТТЫҢ ӨЗІНЕ ДЕ УАҚЫТ КЕРЕК

Тіршілік жолында жүзеге шығарайын деген ісіңе бөгет болатын көбінесе үлкен істер емес, ұсақ істер, ұсақ нәрселер; олардың бөгетшілік күші үлкендігінде емес, көптігінде.

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Аханның осы бір жолдарындағы «...олардың бөгетшілік күші үлкендігінде емес, көптігінде», – деген сөзі төңірегінде түрлі ойға калдым.

Не көп?..

Ашып айтсам, әркім еркін ойлап, ойын ашық жеткізе алмайтын қоғамнан даму күтудің көбісі өзі парадокс! Тек еркін ой дегенді аузына келгенді айтып, әркімдерді бір қаралау немесе орынсыз ода жазу деп түсінбеуіміз керек еді. Өкінішке қарай бүгінгі баспасөздің жайынан соны анық көруге болады.

Негізі ешбір басылым еш уақытта қолжаулық болмауы тиіс, газет халықтық трибуна болуы керек!

Кейде сол газеттер трибуна бермей қойған дүниенді әлеуметтік желіге жүктей салған да жеңілірек. Бірақ аға буынның көбісі әлі күнге оны әдетке айналдырмағандықтан негізгі оқырман қауымға жетпей қала ма деп алаңдайсың. Болмаса мәселе, қайда жазғаныңда да емес. Ойыңды дұрыс жеткізе алғаныңда және сол көтеріліп отырған машақатты ұлт болып талқылап үйрену мәдениетін қалыптастыруда болып тұр.

Қайсыбір әлеуметтік желіде болмасын аузына келгенін айтып, арнайы тапсырыспен жабыла талайтын «қоғамдық ой» иелерінің қорқынышынан жекк-дара ашық ой білдіріп жататындар да некен-саяқ.

Әлде бір жағдайда жұрт назарын басқа жаққа аудару үшін ортаға бір «тақырып» тауып тасталса болды, барлығы соны «талауға» құмар. Ақиқатын, анықтап алайықшы деген жан саусақпен санарлық. Әлде, әлгі, Ахан айтқан «ұсақ істер мен ұсақ кедергілер келтіретін бөгетшілік күші» деген осы ма екен?

Ал әлеуметтік желілерді әлеуметтік әжетхана деп есігін ашпайтын ағаларды да естіп жүрміз. Бірақ бүгінгі күнді әлеуметтік желісіз елестетудің өзі?.. Кім білсін?

Міне, көрдіңіз бе, осы тұста баспасөздің рөлін түсінген боласын. Бірақ жоғарыда айтылған себептермен әлеужеліге «әлей болсын» айтып бара калсаң ше?..

Бұл жерде де әр жазғаныңды аңдып, ши үстінен шіркей ататын «сұрмергендей» мылтығын кезеп дайын отыратын топтың бары ешкімге жасырын емес. Тасадағы тапсырыс бергіштерді жыға танымасақ та шырамығатындай шамаға келгенбіз. Кей жазбанды оқи сала, «әне, айттым ғой, бұл биліктің адамы», – деп алақайлауға да әзір.

Мүмкін, бірде қаттырақ айтармыз, бірақ жалған айтқан, жала жапқан жеріміз жоқ. Ол үшін билік біткенмен бітіспес жау екен деген де көзқарас қалыптаспауы қажет.

«Өкіметтің жылағанын көрсем рақаттанам, ха-ха-ха!» – деп Құдыре-

ше қарқылдай күлмейміз, бірақ керек жерінде «үкіметтің жұмысын жылдам-ырақ жолға қойса жөн болар еді», – деген ойымызды ашық жеткізгеніміз үшін бізді жау санау артық.

Керісінше, білдей бір ұлттың идеологиясынан әлеуметтік желінің идеологиясы жоғары болмаса екен; Ақпарат құралдары аталатын басылымдарды әлеужелі басып озбаса екен; Ол жақтағы рас-өтірігі нақтыланбаған небір лас дүниелер жастарымыздың, тіпті ұлтымыздың санасын уламаса екен десең, мұның несі сорақы? Мұның бәрін не үшін тізіп отырмын?

Сонымен...

Иә, «Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры», – демекші, талай даулардың басына айналған кезекті науқан тағы бір сайлаудың уақыты жақын қалды. Желілерде желдей ескен әлемтапырық дүниелерді оқып отырып кейде тіпті, денең түршігеді.

Біріншіден, бұл жолғы кандидаттардың Тоқаевтан баскасы елге жақын таныс емес. Ал оппозиция атаулының додаға бір азамат тауып қоса алмағаны, тіпті өкінішті. Оны мойындайық. Оның үстіне, сайлау жақындағанда ғана шуылдап, қалған уақытта «қалың

*Т*ақырыпқа қойылған «Уақыттың өзіне уақыт керек!» деген сөздің астарында осы бір бәкене ой жатыр. Уақыт берелік. Сенім арталық. Ірә болмай жатса халықтан асқан қаһарлы күштің жоғын бұл азаматтар көзімен көрген. Сол ғана. Ал тап қазір, есін енді жия бастаған халықты көшеге шақыру бұл дұрыс емес! Кезекті қантөгісті аңсайтын-дардың арбауына түспеу керек! Одан халықтың, ұтары шамалы. Халықтың атынан сөйлейтін сен кімсің?!, – демес үшін, менің ойыма қосылатын елдің атынан ғана айтайын дегенім: біз Сізге сенім артамыз Қасым–Жомарт Кемелұлы! Бұл шешімімізді өзіңізге артылған аманат деп те біліңіз.

ұйқыға кететіндерді» лайықты оппозиция дей аламыз ба? «Аяқ астынан жарияланған сайлау!», – деп кезектегідей дүрлікпес үшін қоғам өмірінен сырт қалмай үнемі елмен бірге болса кім қой депті?!

Екіншіден, «Көрмес, түйені де көрмес», – дей бермей, бір сәт: «Заман қалай, адам қалай өзгерді?..» деп бүгінгі оң өзгерісті де айтып үйренейік дегім келген. Шүкір, отыз жыл бойы өзгерместей болған Назарбаев дәуірінің көшкенін де көз көрді.

Тек, «Жетімекке жел қарсы», – деп, қазір әлемде ушығып тұрған геосаяси жағдайға байланысты барлық жерді қымбатшылық қысып тұрғаны да, шиеленіскен ұлттық ахуалдың өршіп тұрғаны да жасырын емес. Бірақ оның зардабын жалғыз қазақ емес, барлық әлем тартып отыр десек, тағы жалған айтқан болмаспыз. Міне, осының өзін



Нұрымжан МАУЫТ, журналист-энциклопедист

көзір картадай пайдаланғысы келетіндер аз емес және негізінен олардың кімдер екені де белгілі.

Бүгін ұзақ уақыт сол «команданың» серігі болған адамның ел билігіне келуіне күмәнмен қараушылар баршылық. Негізгі күмән осы ғана деп ойлаймын. Дей тұрғанмен, өмірдің өзгергенін, әрине жаксы жағынан, күнделікті көзіміз көріп отырып үндемей қалудың өзі қалай болар екен?

шұғыл себептер? Шынымен өзін сынап, елінің үміт артқанын көргісі келсе ше? Бар керегі сол болса оның несі айып?

«Қажеттілік қағидасымен» қазаққа танымал болған Әкежан Қажыгелдиннің: «Адамға үш сом бердің бе, енді толық бостандық бер. Әйтпесе, сенің берген үш сомыңнан не пайда?», – деген қағидасын қайда қоямыз? Биылғы сайлау да сол тәмсілді кодануға сұранып тұрғандай.

Әрине, Тоқаев менің жарнамамды қажет етпес те. Тек азаматтық ойын айтуға әркім де құқылы дегенді барлығыңызға жеткізген түрім.

Шындығында жай уақытта менің де билікпен тоқайласпайтын тұстарым жетерлік. Қай нәрсенің де өз уақыты бар. Қазір бір түсінгенім тек Тоқаев емес, биліктің бір адамын көрсек жамандай беру біз үшін әдетке айналып кеткен сияқты. Түсінемін, оған кінәлі 30 жыл ойына келгенін істеген режим! Біз әлі күнге сол ойдан арылар емеспіз. Әйтпесе, күні кеше қаңтарда Ақ ордада аяғына дейін қалып арпалысқан азаматтан кінә іздегеніміз жөн бе? Елін тастап қашып кетсе не болар еді? Бүгін баламыздың балағын кесіп, қыздарымызға қара жамылдырып, пәренже кигізіп отырат ма едік, ширк, ширк, – деп, кім білсін?

Негізі, қазақтың Құдайы бар. Шын айтам. Міне, бітті дегенде талай жерде осы ұлтты қорғап қалудан жаңылған емес. Бұл жолы да солай арылар секілді. Иә, бәріміз жаттап, жабысып алған «Стрелять на поражение!», – деген сөздің астарына шын үніліп көрдік пе? Кім өз халқына «ок жаудыр!», – деп бұйрық береді? Әрине, жоқ! Ендеше, бұл бұйрықтың қалай және не үшін берілгенін неге таразыламаймыз? Әшейінде: «төңкеріс керек болса бізге айтыңдар, екі КамАЗ тас болса болды, тас-талқан ғып қуып шығамыз, – деп екі бірдей президентін елден бездірген айыр қалпақты ағайындардың ұтқаны қайсы, біздің ұтылғанымыз қайсы? Саралап көрелікші.

Қадыр Мырза-Әліше айтқанда: Ұлт болып, ұйып келе жатқан кезде, Сан мәрте сүт күйінде төгіліпті...

Иә, кеше, тәй-тәй басып тәуелсіздікке ұмтылған 36 жылдық аралықта қазақтың қаны төрт мәрте төгіліпті!

Ең алғаш 1986 жылғы Желтоқсан қаны...

Ол қанды «біреулер» Қонаевтың мойнына ілуге тырысқан...

Онан соң, 2006 жылғы Шаңырақтағы Бақай қанын, Иманғали мен Аронның мойнына артып, 2011 жылғы Жаңөзеннің де қанын тағы «біреулерге» жүктемек болғандар. Қаңтардың қанын Қасым-Жомартқа іле саламын деген есебінен жаңылмады! Қалай ойлайсыздар, таныс қолтаңба сияқты емес пе? Осы төрт бірдей қантөгістің айырмашылығы неде? Билікпен бітімге келмегендердің бәрі қан арқалаған сияқты көрінбей ме? Ойланайықшы?!

Қан арқалау ешкімге де оңай емес!

P.S. «Даланың өз заңы, өз тәртібі бар. Онымен санаспасақ ешкімнің қақысы жоқ. Қала, қалама – бәрібір мойындайсың, тәртібіне көнесің. Дала перзенті екенсің, маңдайыңа жазылғаны сол. Одан басқа жол жоқ, болса, ол – өлім. Қасым сұлтан мұны сол кішкентай кезінен-ақ сезінген еді».

«XVI ғ. бірінші ширегінде қазақ атын жер жүзіне жеткізген Қасым хан есімі қазақ халқының тарихи сахнасында мәңгі орын алып, жарты мың жылдан аса сақталып келе жатыр. «Қасым ханның қасқа жолы» осының куәсі!», – деген жолдардан Есімханның ескі жолын бұзып, қасқа жол түзеген Қасым ханды қазақтың не үшін қадірлегенін ұғасың!

Кешірілмейтін күнә. Сондықтан байыбына барған жөн.

Сын сағаттарда Ақ ордасын тастай қашпаған басшысы секілді қалың нөпірдің ортасынан табылған Қанат Бозымбаев, Нұрлан Ноғаев, Ералы Тоғжановтай азаматтар біле-білсеніз ерлікке пара-пар өнеге көрсетті. «Мыналарды құрбандыққа шаламыз!», – деген топтың ортасында қаймықпай тұра білу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Оны мойындауымыз керек! «Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе...», – дегенді де естен шығара бермейік. Білмеймін, ана «системаны» айналып өте алмаған тұстары бар да шығар. Олай кінәлайтын мүлсақ сол уақытта, сол қоғамда өмір сүргеніміз үшін-ақ бәріміз де кінәлі болып шығармыз, бәлкім?! Ендеше, мұндай азаматтарға сенім артудан неге қорқамыз?!

Ал ана музейді кеудесімен жапқан-дай қорғап қалған замандасымыз Бибігүл Дәндіқаракызымен неге мақтан-басқа?! Қазақтың сондай аруларын неге мәпелемеске? Одан да басқа ескерусіз қалған ерлерімізді неге ұмытамыз?! Әлі талайы анықтала да жатар. Еш нәрсе де мәңгілік құпия күйінде қалуы мүмкін емес. Олай болса, болашақта бұлармен мақтанатын да болармыз?

Иә, бәріне уақыт төреші!

Тақырыпқа қойылған «Уақыттың өзіне уақыт керек!» деген сөздің астарында осы бір бәкене ой жатыр. Уақыт берелік. Сенім арталық. Ірә болмай жатса халықтан асқан қаһарлы күштің жоғын бұл азаматтар көзімен көрген. Сол ғана. Ал тап қазір, есін енді жия бастаған халықты көшеге шақыру бұл дұрыс емес! Кезекті қантөгісті аңсайтын-дардың арбауына түспеу керек! Одан халықтың ұтары шамалы.

Халықтың атынан сөйлейтін сен кімсің?!, – демес үшін, менің ойыма қосылатын елдің атынан ғана айтайын дегенім: біз Сізге сенім артамыз Қасым–Жомарт Кемелұлы! Бұл шешімімізді өзіңізге артылған аманат деп те біліңіз!

Енді бір мәселе, осы сайлаудан соң шын «Жаңа Қазақстан» құрамыз деген ой болса біраз құрылымдар мен министрлердің қызметін қайта қарап, Елім-Жерім деп жүрген азаматтарды сыртқа теппей, керісінше сенім артып, ақсап жатқан салаларға қолынан іс келетін, азаматтарды жұмылдырып көрген де дұрыс болар.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл», дейді. «Келісіп пішкен тон келте болмас», – деген де бар.

Ал журналисты, блогер қауымға әлгі: сынық үстелдің астындағы тесік шелек, – деп ылғи кем-кетігімізді түке бермей жаксылың жақсы деп, осы үкіметтің құрамында халқының көңілінен шығып жүрген азын-аулақ депутаттар мен министрлерді де орынсыз сынап-мінегенді доғарған жөн секілді. Бұл оларға мүлдем тиіспен деген де сөз емес. Орынды сын керек. Демократия дегеніміз «Тісе терекке, тимесе бұтаққа», – деп бас-көзсіз төпелей беру емес. Осыны дұрыс түсінетін уақыт жеткен сияқты.

МӘСЕЛЕ

БАЛА ТӘРБИЕСІ ТЕК ӘЙЕЛДІҢ МІНДЕТІ ЕМЕС

БҰҰ-ның Халықты қоныстандыру саласындағы қорының Қазақстандағы өкілі (ЮНФПА), Қырғызстан мен Түрікменстан үшін елдік директоры Ронни Линдстромның айтуынша, қор 2021 жылы Қазақстанда ер адамдардың отбасылық өмірге және бала тәрбиесіне араласуы туралы зерттеу жүргізген. Оның қорытындысына қарағанда, еркектердің 68 пайызы бала күтімін әйелдердің парызы деп есептейді.

Әрбір 4 отбасының біреуінде ғана бала күтімімен ата-анасы бірдей айналысады екен. Сондай-ақ, сауалнамаға қатысқан әрбір төртінші ер азамат әйелдер мен ерлердің құқықтары тең болуы керек деген пікірмен келіспейді. Ал әйелдердің 83 пайызы Қазақстанда гендерлік

теңдікті одан әрі ілгерілетуді маңызды деп санайтынын білдірген. Сондықтан Қазақстандағы Швеция Елшілігі мен БҰҰ-ның Халықты қоныстандыру қоры (ЮНФПА) Астанадағы «Керуен» сауда орталығында ерекше фотокөрме ұйымдастырып отыр.

«Ынталы ата-аналар» деп аталатын бұл фото көрменің басты мақсаты – саналы ата-ананың маңыздылығы мен отбасылық жауапкершілікті бөлісу туралы ой қозғау. 23 қарашаға дейін созылатын бұл шараға швециялық фотограф Элин Берге мен қазақстандық фотограф Роман Анашкинның ата-ананың келбеті қандай деген сұраққа жауап іздеген 40 туындысы қойылған. Оны тамашалаған қала тұрғындары мен қонақтары екі елдегі отбасылардың ата-ана болумен байланысты ең бақытты, ең қызықты және қиын сәттерін тамашалай алады.

– Мен көрсеткен ата-аналардың мамандығы да, әл-ауқатта-



ры да, өмір салты да әрқилы. Бірақ олардың барлығын балалар біріктіреді. Саналы ата-ана тек анаға ғана емес, әкеге де қатысты. Менің фотосуреттерімде әке мен ананың тең міндеттемелері жайында айтылған

әңгімелер бар, – дейді Роман Анашкин.

Жалпы, Швеция 1974 жылы әкелер мен аналарға бала күтіміне байланысты демалысты заңдастырған әлемдегі алғашқы ел екен. Әкелерге бала

күтіміне байланысты демалыс соңғы жылдары Қазақстан заңнамасында да бекітілді. Еркектер де әйелдер сияқты мемлекеттен жыл бойы қаржылай көмек ала алады. Мәселен, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының мәліметі бойынша, былтыр елімізде 3,5 мың еркек бала күтіміне байланысты ресми демалысқа шыққан екен. Бастапқы кезде болашағына біреу үмітпен, біреу күдікпен қараған бұл өзгеріс қазір біртіндеп қазақ отбасында да қалыпты жағдай ретінде қабылдануда.

Гүлшат КЕБЕКБАЕВА, Кеген ауданы Тоғызбұлақ ауылы Қ.Байғабылұлы атындағы орта мектептің мұғалімі АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

БАҚҰЛ БОЛ, ЖАНЫ ЖАЙСАҢ, ЖАҚСЫ АҒА!

Сот саласының ардагері, Құрмет орденінің иегері, 73-ке қараған шағында бакилық болған Орынбасар Әбуевтің есімі еліміздің заң саласы қызметкерлеріне, оның ішінде Жамбыл облысы көлемінде жақсы таныс. Ол өз ісінің шебер-лігімен, жан-жақты біліктілігімен, ізденімпаз қасиеттерімен қоса, әріптестерін, жалпы ара-ласқан ортасын көпшілдігімен, сұңғыла түй-сік-танымымен, сезімтал, аңғарымпаздығымен баурайтын. Өзіміздің арамыздағы байланыспен ғана шектелмей, көпке ортақ ой түюге тырысар болсақ, Орынбасар ағамыз нағыз елге қызмет етуге жаралған, жұттының қадірменді перзенті болатын. Міне, сол аяулы абзал ағамыздың өмірден өткеніне де қырық күн толып калыпты. Зымырап өтіп бара жатқан уақытта белгі жоқ деген осы. Жүрек елжіретер мейірімді дауысы құлағымнан кетер емес.

Дүниеден өткеніне сенгің келмейтін, өмірдің нақ өзіндей сәулелі, жанып тұрған шамшы-рақтай жан-жағына шуағын молынан төгіп, жүрегінің оттай ыстық қызуымен жаныңды нұрландырып тұратын бір адамдар болады. Сірә, сондай адамдар өмірден өткенде, байтақ әлем бос қалғандай сезініп, жанымыз жабырқап, күй-зелетініміз осыдан болуы керек. «Бір өзі – бір әлем» деп асқақтатар жандар осылар. Менің түсінігімде Орынбасар ағамыз осындай идеал-дық деңгейдегі биік өрелі адам еді. Етене жақын дос інісіндей, әредікте бас қоса қалғанда, жұ-бымызды жазғымыз келмей, жанының шуағына шомылып, рахаттанып, жан ерітер дәмді лебіз-дерін тыңдай беруден бір жалықпаушы едім. Өзі де, жарықтық, жаны айнадай жарқыраған сұлу сырлы, әңгімешіл кісі еді ғой. Ол кісінің

бұл жарық дүниеде бары, жер басып жүргенінің өзі мен үшін үлкен медеу, шексіз қуаныш бола-тын. Екеуіміз дүниенің екі қиырында жүрсек те, арамызды мыңдаған шақырымдар бөліп жатса да, жан әлеміміз ажырамайтын, күн аралат-пай хабарласып, тыныс-тіршілігімізді бөлісіп, деміміздің алысқанына дейін сезініп отыратын, ағайын-туысқандықтан да жоғары тұратын ру-хани үндестігіміз бар еді. Осынау суық хабарды естігенде, жанымның құлазып, босап қалғанын жеткізу маған өте ауыр тиді. Асқар таудай тая-ныш-тірегім еді, жаныма сая болған, жүрегі мен тілегі қабысқан аяулы асыл ағам еді ғой!

Иә, біздер, 2009–2011 жылдар аралығында Жамбыл облысында қатарлас жүріп қызмет атқардық. Мен облыс орталығында, Орынбасар ағамыз Мойынқұм аудандық сотының төрағасы қызметін абыройлы атқарды. Қызмет барысында ол кісіден алатын өнегеміз аз болмайтын. Және ол кісі білгенін бұлдамаған, өзіншілдіктен мүлде ада болатын, ақыл-кеңесін сөз арасында елеусіз-деу ғана айта салатын. Ешкіммен жүз шайысып, сөзге келмейтін, мол пішілген, етек-жеңі кең, дархан пейілді, жомарт жүректі жан еді ғой, қайран Орекен!

Сол кең пейіліне сай болуға тырысып, көңілі-не қаяу түсіріп алмауды, жақсы ағамның тек ойынан шыға білуімді тіледім. Және сол таза ниетпен оған жақын жандардың біріне айналға-нымды мақтан тұтамын. Орекем дегенде көкіре-гім сайрап тұр, айтар естеліктер жеткілікті, қайсыбірін айта берерсін?

Кейде, көкейдегі көрікті ойды қара сөзден гөрі жыр жолдарымен де өрнектеген дұрыс шығар:



Апырмай, орны ойсырап қалғанын-ай, Дүниенің баянсыз, жалғанын-ай. Орекем-ай, орныңыз мың кісілік, Тағдырдың осынау күйге салғанын-ай. Ыстық тұлғаң ғайып боп кетті алыстап, «Қош, Досекем!» дегендей, тек дауыстап. Енді кімнен табайын, беу, Орекем, Өзіңіздей дос ниет, сыр алыспақ. Амандығын көруші ем, дәтке қуат, Жүздесуге асығып, жүрдік шыдап. Табысушы ең, жан аға, мөз болысып, Жүрегіме құйылып, мөлдір шуақ. Көңілде тек естелік, мұңлы ойлар, Өткізерміз өзіңсіз, жылдар, айлар. Жүрегімде сақталған әз бейнеңнен, Жұбанармын, сая іздеп, көңіл аулар.

Ғазиз жаның пейіште шалқысын, тірлікте жақын сыйласқан, асыл аға, қайран Орекем!

Досжан ӘМІР,
Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының судьясы.

ҚОШ ОРЕКЕ!

*Дара дерге сиятын, дана дерге,
Ақылымен танылған тамам елге.
Қара тұтқан аға ең алдымызда,
Жан емесен қиярдай қара жерге.*

*Пейіліңіз кең еді, тұнық мүлдем,
Жүрді оны естіден ұзып кім де.
Әй нар аға, Ораза, сіз қайтқалы,
Болып қапты япыр-ау 40 күнде.*

*Лебізіңді естідік түрлі небір,
Сізде еді келісті құнды көңіл.
Заң ісінің атанып білгірі де,
Мағыналы, мазмұнды сүрдің өмір.*

*Ардақтымыз өзің ең, анық бұл шын,
Қадіріңді бір білсе, Халық білсін.
Қош Ореке, торқа боп топыраың
Алдыңызды жан Алла жарық қылсын.*

Қасқырбай НҰРБАТЫР,
Байзақ ауданының құрметті азаматы
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Жасалған қылмыс үшін жаза тағайындау әр судья үшін сот процесіндегі ең күрделі, маңызды және негізгі сатысы болып сана-лады. Себебі, таразының бір шетінде айыпкердің тағ-дыры мен оның болашағы, бір жағында қандай да бір жәбір көріп, араша сұрау-шы жәбірленуші тұрғанда, таразының басын тең ұстау кез келген судьяға оңай соқпасы анық. Әрбір істің артында адамдардың тағ-дыры бар. Сондықтан «Заң – судьяның құралы, көзде-гені – әділдік» деген ұста-нымда болып, әділ шешім шығару процесі көп еңбекті талап етеді.

Сотқа басына іс түсіп, әділетсіздікке ұшыраған, құқығы бұзылған жандар-дың ғана келетіні анық. Сан соғып алдандандар, шындық іздеп шарқ ұрған-дар ақиқатқа араша болады деп сеніп келеді. Соттан әділдік іздегендердің үміті мен сеніміне қаяу түсірмей, сенім үдесінен шығу – әрбір судья үшін мін-дет.

Сот жаза тағайындау барысында ҚР Конституциясын, Қылмыстық кодексін, өзге де ҚР заңдарын және Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын бас-шылыққа алады. ҚР Конституциясында белгіленгендей, барлық адам заң мен сот алдында тең, ешкім де заңды күшіне енген сот үкімі болмай қылмыс жасауда кінәлі деп танылуға жатпайды және қылмыстық жазаға тартыла алмайды. Сотпен жаза тағайындаудың өз ерек-шеліктері бар, яғни жасалған қылмысқа байланысты жаза тағайындау кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтың сипа-ты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі, кінәлі адамның жеке басы, оның ішінде құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және одан кейінгі оның мінез-құлқы, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, сон-дай-ақ, тағайындалған жазаның сот-талған адамның түзелуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпа-лы ескеріледі.

Сонымен қатар, сот қылмыстың ауырлығы бойынша қай санатқа жа-татындығын, қылмыстың қайтала-нуын және оның түрлерін, қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезеңін, сотталушының қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезіндегі қа-тысу дәрежесін, қылмыстық құқық

ЖАЗАНЫ БЕЛГІЛЕУ – КҮРДЕЛІ ПРОЦЕСС



бұзушылықтың мақсатына жету үшін оның әрекеттерінің маңызын және кел-тірілген немесе келтірілуі мүмкін зиян-ның сипаты мен мөлшеріне ықпалын, сол қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазаға қарағанда неғұрлым жеңіл жаза тағайындау негіздерін де ескереді.

Қылмыстық кодексте жеке адамға, отбасы және көмекетке толмағандарға, адамның және азаматтың конституция-лық құқықтары мен бостандықтарына, мемлекеттің конституциялық құрылы-сына және қауіпсіздігіне, меншікке, қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы, т.б. қылмыстық құқық бұзушылықтар көзделген, яғни, сот жаза тағайындау барысында жасалған қылмыстың түрлеріне де назар ауда-рылады.

Сотпен қылмыстық топтардың құрамында қылмыстық құқық бұ-зушылықты, сыбайлас жемқорлыққа қатысты, террористік, экстремистік қылмыстарды, сондай-ақ, көмекетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілік-ке қарсы қылмыстарды жасағаны үшін кінәлі деп танылған және түзелу жолы-на түсуді қаламайтын бұрын сотталған адамдар үшін заңмен көзделген қатаң жазалау шараларын тағайындау міндет-ті түрде талқыланады.

Сотталушының жеке басына қаты-сты мәліметтердің жазаның түрі мен мөлшерін белгілеу үшін елеулі мәні

бар, сондықтан олар жан-жақты, то-лық және объективті түрде зерттеледі. Сотталушының денсаулығын, еңбекке қабілеттілігін, еңбекке, білімге көзқа-расын, соттылығы және отбасылық жағдайы туралы мәліметтер де анықта-лады.

ҚК-нің 53,54-баптарында көздел-гендей жаза тағайындау кезінде сот әр сотталушыға қатысты оның жау-аптылығы мен жазасын жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды мін-детті түрде үкімде көрсетеді. Ал ҚК-нің 55-бабына сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін тиісті бап-та белгіленген төменгі шектен төмен жаза тағайындауға не қылмыстық құқық бұзушылық сараланған ҚК-нің санкциясында көрсетілмеген жазаның неғұрлым жеңіл түрін тағайындауға немесе міндетті жаза ретінде көзделген қосымша жазаны қолданбауға тек қыл-мыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілік дәрежесін едәуір азайта-тын ерекше мән-жайлар анықталған жағдайда, сондай-ақ, топтың жасаған қылмысына сыбайлас қатысушы топ-тың жасаған қылмыстарын ашуға белсене жәрдемдескен кезде ғана жол беріледі. Сондай-ақ, ҚК-нің 55-ба-бының 2-бөлігіне сәйкес, жасалған қылмыс белгісі ретінде көзделмеген жеңілдететін мән-жай болған және ауырлататын мән-жайлар болмаған кезде, жаза мерзімін немесе мөлшерін

осы кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген жазаның анағұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің: онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жа-саған кезде – жартысынан; ауыр қыл-мыс жасаған кезде – үштен екісінен; аса ауыр қылмыс жасаған кезде төрттен үшінен асыруға болмайды.

Аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау ҚК-нің 56-бабында көз-делген, яғни қылмысқа дайындалғаны үшін жазаның мерзімін немесе мөл-шерін осы кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында аяқталған қылмыс үшін көзделген жазаның анағұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің жартысынан асыруға бол-майды, ал қылмысқа оқталғанды жаза мерзімінің немесе мөлшерінің төрттен үшінен асыруға болмайды.

Сонымен бірге, қылмыстардың қай-талануы немесе қылмыстардың қауіпті қайталануы жағдайында жаза таға-йындау кезінде бұрын жасалған қыл-мыстардың саны, сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі, оның алдындағы жазаның түзету ықпалының жет-кіліксіздігіне себеп болған мән-жайлар, сондай-ақ, жаңадан жасалған қылмыс-тардың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі ескеріледі.

ҚК-нің 60-бабына сәйкес, егер сот-талған адам үкім шығарылғаннан ке-йін, бірақ жазаны толық өтегенге дейін жаңадан қылмыстық құқық бұзушылық жасаса, сот соттың соңғы үкімі бой-ынша тағайындалған жазаға соттың алдыңғы үкімі бойынша жазаның өтел-меген бөлігін толық немесе ішінара қосады. Сонымен бірге, көмекетке толмағандарға жаза тағайындаудың өз ерекшеліктері бар, сондықтан оларға жазаның ҚК-нің 81-бабында көрсетіл-ген түрлері ғана қолданылады және олардың мерзімдері мен мөлшері осы бапта белгіленген шектерден аспауға тиіс.

Сотпен жоғарыда көзделген жаза тағайындау қағидаларының, ереже-лерінің сақталуы, оның дұрыс қолда-нылуы, әрбір қылмыстық істі заңға сәй-кес шешілуінің негізі болып саналады. Сот адамды қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін соттаған кезде үкімді шығарумен бірге ҚК-нің

49-бабының екінші бөлігінің негізінде Қазақстан Президентінің атына сот-талушыны мемлекеттік наградалардан немесе Қазақстан Президенті тағайын-даған құрметті, әскери, арнайы атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан ай-ыру жөнінде ұсыныс енгізу туралы мәселені қарауға тиіс. Награданы мем-лекеттік награда екенін анықтау үшін «ҚР Мемлекеттік наградалары туралы» 1995 жылғы 12 желтоқсандағы №2676 Қазақстан Республикасының заңың басшылыққа алу қажет.

Белгілі бір лауазымды атқару не-месе белгілі бір қызметпен айналы-су құқығынан айыру түріндегі жаза тағайындаған кезде соттар ҚК-нің 50-бабының екінші бөлігінде көзделген экономикалық қызмет саласында және қаржы ұйымдарындағы қызмет мүд-делеріне қарсы, көмекетке толмаған-дарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы, сыбайлас жемқорлық және көліктік қылмыстар жасаған адамдарға қатысты ерекшеліктерді ескеруі қажет. Егер ҚК-нің Ерекше бөлігі тиісті бабының санкциясында белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен ай-налысу құқығынан айыру көзделмесе, сот жасалған іс-әрекеттің сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін және кінәлі адамның жеке басын ескере отырып, оған ҚК-нің 50-бабы үшінші бөлігінің қағидалары бойынша осындай қосымша жаза тағайындау туралы мәсе-лені талқылауға тиіс.

Жазаны белгілеу кезіндегі осындай күрделі процес уақытында сот залына кірген судья бір сәтке ағайын-туыс, жора-жолдас атаулыны ұмытып, тек заңға ғана бағынып, ар-ұятына жү-гінуі керек. Қазақтың бас ақыны Абай: «Ұят деген – адамның өз бойындағы адамшылығы», – деген екен. Ендеше сот үшін бұлжымайтын ереже ар-ұят-тан, адамшылықтан аттамау – біздің басты ұстанымымыздың бірі. Ар-ұят-пен бірге айтылатын тағы бір қасиетті ұғым – ар-иман. Тағы сол Абай ағамыз айтқандай: «Иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек». Себебі, бізге келген кісілер «мен әділет үйіне келдім, ол жерде мені күтеді, түсінеді, қабылдайды, мәселемді әділ шешеді» деп келеді. Сондықтан біз осындай құрмет пен сенімді ақтап, өз қызметімізді тиісті дәрежеде атқару, халықтың сотқа деген сенімін арттыру біздің басты міндетіміз хәм парызымыз десек те артық айтқандық емес.

А.МИЗАНБАЕВ,
Жалағаш аудандық сотының төрағасы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Содан болар, «судьялардың төл кәсіби мерекесі болуы керек» деп алғаш ой тастағанымда әріптестерімнің барлығы қолдады. «Сабақты ине сәтімен» дегендей, көпшіліктің пікірін ескерген Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асанов ҚР Республикасы судьяларының VIII съезінде судьялар мен сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесін белгілеуді көпшілік талқысына салды. Осылайша ел Үкіметтің 2022 жылғы 31 наурыздағы қаулысымен еліміздегі кәсіби мерекелер тізбесі жаңа күнмен толықты. Биылдан бастап 24 маусым «Судья және сот қызметкерлері күні» ретінде атап өтілетін болды.

Үкімет қаулысымен 24 маусымның мереке ретінде белгіленуінде үлкен мағына жатыр. Бұл тарихпен, сотқа қатысты заңдармен тамырлас. Еліміз егемендігін алғаннан кейін 1992 жылы 24 маусымда «Қазақ КСР-нің сот жүйесі туралы» заңға алғашқы түзетулер енгізілген заң қабылданды. Осы заң Жоғарғы Соттың, облыстық, қалалық, аудандық соттардың, сондай-ақ, жаңадан құрылған әскери соттардың сот төрелігін жүзеге асыру тәртібін қамтамасыз етті. Заң қабылданғаннан бергі отыз жыл ішінде сот жүйесі талай реформаны басынан кешті. Заманауи



Нұржан ҚАРАБАЕВ, Алматы қаласы Алатау аудандық сотының судьясы:

«АЛМАТЫДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ҚАРАЙТЫН СОТТАРДЫ БІРІКТІРУ ТИІМДІ»

жаңғыртудың бірнеше кезеңінен сәтті өтті. Міне, сондықтан да игілікті істердің басында тұрған аталмыш заңның сот тарихындағы орны ерекше. Сондықтан, сот тарихы бастау алған заңның кәсіби мереке ретінде белгіленуі өте орынды. Атаулы дата, кәсіби мерекенің бекітілуі мерейімізді өсірді.

– Судьялардың материалдық жағдайы мәртебесіне сай ма?

– Соншалықты керемет немесе тым төмен деуге келмейді, орташа жағдайда. Осы тұрғыдағы ұсынысым, мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын жыл сайынғы айлық есептік көрсеткішпен (АЕК) есептесе өте жақсы болар еді. Себебі, бізде инфляцияға байланысты АЕК көтерілгенімен, жалақы көтерілмейді. Мұны айтып отырғаным, әлем елдерінде мемлекеттік қызметкерлер арасында ең көп жалақыны судьялар алады. Бізде судьялар зейнетке қатардағы полицейлерден төмен зейнет-ақымен шығады. Сот – биліктің үш тармағының бірі. Алдағы уақытта бұл мәселеге де жаңаша қырынан қарау маңызды.

– Судьялар жетіспейтіні, бос орындарға үмітті жандардың сынақтан өте алмай жатқаны жиі айтылады. Мұндай жағдайда сот жүктемесін азайту мүмкін бе?

– Сот жүктемесін азайту мақсатында түрлі шаралар жүзеге асырылып жатыр. Солардың бірі дауларды соттан тыс шешудің баламалы тәсілдері. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты тарапынан бұл тұрғыда тың жобалар қолға алынды. Алайда, бұлар жүктемені азайтуға белгілі бір деңгейде әсер етуі мүмкін. Ал жұмыс жүктемесіне қатысты мәселе мамандар жеткілікті болғанда ғана толық шешімін табады. Бізде жаңадан қосылып жатқан судьялар саусақпен санарлық. Еуропа елдерінің

тәжірибесіне сүйенсек, олар судьялар штатын халық санына қарай есептейді. Мысалы, мың жанға шаққанда қанша судья керек, судьяларды соған сай тағайындайды.

Біздің елде істер саны жылдан-жылға артуда. Ал судьялар саны республика бойынша есептегенде үш мыңға да жетпейді. Бұлардың арасында бала күтімімен үйде отыратындар бар. Отандастарымыздың басым көпшілігі өз істерінің сотта біткенін қалайды. Бұл жүктеменің одан әрі көбеюіне әкеледі.

– Жаңа бастама, жобалардың барлығы халықтың сотқа деген қолжетімділігін арттырып, сенімін нығайту, әуре-сарсаңын азайту мақсатында жасалатыны белгілі. Сонымен бірге, мұндай жаңашылықтар қаржыны үнемдеу, шығынды азайту үшін қолға алынады. Ал Алматы қаласындағы қылмыстық істерді қарайтын соттарды біріктірудің тиімділігі неде?

– Осы салада еңбек етіп жүрген соң жұмысты жақсартуға септігін тигізетін ұсыныстар айту қай-қайсысымыздың да міндетіміз. Мысалы, Алматы қаласында сегіз аудандық сот қылмыстық істерді қарайды. Осы сегіз сот тиісінше әр ауданда орналасып, арнайы ғимараттарда төрелік жасап отыр. Ал осы соттарды біріктіру соттарға да, халыққа да барлық жағынан тиімді болады. Ең алдымен бірыңғай сот тәжірибесі қалыптасады. Қаралатын қылмыстық істер бойынша айыпталушыларды бір мекемеге алып келу мен әкету мәселесі түбегейлі шешіледі. Сондай-ақ, судьялар жүктемесі біркелкі реттеліп, істердің бөлінуі тепе-теңдігі сақталады. Әйтпесе, қазіргі күні судьялар жүктемесі әртүрлі.

Қылмыстық істерді қарайтын аудан-

Алматы қаласында сегіз аудандық сот қылмыстық істерді қарайды. Осы сегіз сот тиісінше әр ауданда орналасып, арнайы ғимараттарда төрелік жасап отыр. Ал осы соттарды біріктіру соттарға да, халыққа да барлық жағынан тиімді болады. Ең алдымен бірыңғай сот тәжірибесі қалыптасады. Қаралатын қылмыстық істер бойынша айыпталушыларды бір мекемеге алып келу мен әкету мәселесі түбегейлі шешіледі. Сондай-ақ, судьялар жүктемесі біркелкі реттеліп, істердің бөлінуі тепе-теңдігі сақталады. Әйтпесе, қазіргі күні судьялар жүктемесі әртүрлі.

дық соттар біріктіріліп, жалпы сотқа айналса және қаладағы Кәметке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот, Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот, сондай-ақ, Тергеу соты барлығы бір ғимаратқа орналастырылса, мемлекет қаржысын үнемдеуге үлкен мүмкіндік туар еді. Себебі, басы артық сот ғимараттары, оларды ұстау шығындары болмайды.

– Жүктеме біркелкі реттеліп, істерді бөлудің тепе-теңдігі сақталады дегенді қалай түсінуге болады?

– Мысалы, ірі қалалардағы сот судьялары аудандық сот судьяларынан бірнеше есе көп іс қарайды. Бірақ, барлығының алатын айлығы бір мөлшерде. Алсақ бармай-ақ, Алматы қаласын алсақ, 2022 жылдың тоғыз айындағы деректерді салыстырып қарайық. Осы аралықта Алатау аудандық сотында – 227 тұлғаға қатысты 195 іс аяқталса, Алмалы ауданында – 793 тұлғаға қатысты 623 іс аяқталған. Ал, Әуезов аудандық сотында – 510 тұлғаға қатысты 422 іс аяқталса, Наурызбай аудандық

сотында – 174 адамды қамтыған 145 іске нүкте қойылды. Медеу аудандық №2 сотында – 337 тұлғаға қатысты 265 іс аяқталса, Бостандық аудандық №2 сотында – 429 тұлғаға қатысты 318 іс аяқталған. Жетісу аудандық №2 сотында – 242 адамға қатысты 204 іс аяқталса, Түркісіб аудандық сотында – 343 адамға қатысты 270 қылмыстық іс қаралып аяқталған.

Сегіз аудандық сотта биылғы жылы Алатауда – 3, Алмалыда – 9, оның біреуі зейнеттегі судья, Әуезовте – 6, Түркісібте – 6, Наурызбайда – 3, оның біреуі зейнеттегі судья, Медеуде – 7, Бостандықта – 7, оның біреуі зейнеттегі судья, Жетісуда – 4, барлығы 45 судья болған. Жоғарыда келтіргеніміздей, орталық аудан Алмалы сотында іс (623) көп болғанымен, жүктемесі ең жоғары судьяның өзі 92 іс қараған. Ал, Әуезов аудандық сотында бір судья 136, бір судья 124 қылмыстық істі таразылаған. Біздің соттағы 195 қылмыстық істің 87-сі (107 тұлғаға қатысты) менің қарауыма түсіп, оның 71-інде 89 тұлғаға сот үкімін шығардым.

Келтіріп отырған статистикалық көрсеткіштер кей судьялардың шамадан тыс жүктемемен жұмыс істейтінінің, енді бірінің жылды небәрі 20-25 іспен аяқтайтынының айқын дәлелі. Сондықтан, судьялар жалақысы олардың жауапкершілігі мен жұмыс сапасына қарай көтермеленіп отыруы тиіс.

келеді. Wi-Fi сотқа келген әрбір азаматқа қолжетімді болуы керек. Әрине, сот үкімінің сот залында шығарылғаны дұрыс. Елдегі карантиндік шаралар бірқалыпқа түссе, сот та бұрынғы жұмыс режиміне көшері анық.

– Өткен жылдың соңында соттарға қатысты заңдарға біршама түзетулер енгізілді. Солардың қай-сысын ерекше атап өдіңіз?

– Сот жүйесіндегі жасалып жатқан реформалар мен заңнамаларды жетілдірудегі басты мақсат біреу ғана. Ол – сот төрелігін сапалы жүзеге асыру. Бұл барлық сатыдағы соттарға тән әрі ортақ міндет. Желтоқсан айының соңында Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процессуалдық заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейін реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңына қол қойды. Заңдағы атап айтарлық жаңалық, сот жүйесінің бюджетін айқындаудың жаңа қағидаты енгізілді. Яғни, енді қаржыландыру көлемін үкімет емес, Конституциялық заң анықтайды. Соттарды қаржыландырудың тәуелсіз моделі өз кезегінде судьялардың өзін-өзі басқару органдарының қаражатты бөлу жүйесінің толыққанды дербестігін қамтамасыз етеді.

Бұдан былай судьялыққа құқық

салаларына маманданған кәсіпқойлар көптеп тартылып, ондай үміткерлер мамандандырылған біліктілік емтиханы мен жеке конкурстан өтеді. Конкурстың тәртібін Жоғары Сот Кеңесі айқындайды. Облыс орталықтарындағы аудандық соттар судьяларының лауазымдарына кандидаттарды іріктеу кезінде құрамы аз және шалғайдағы, оларда кемінде 5 жыл жұмыс істеген соттардың судьялары басымдыққа ие болады.

– Президент жақында «Рақымшылық туралы» заңға қол қойды. Бұл құжаттың құндылығы неде?

– Рақымшылық – билік пен қарапайым азаматтарды жақындататын құрал. Рақымшылық жасау арқылы мемлекет өз азаматтарының болашағына, арман-тілегіне бейжай қарамайтынын көрсетеді. Соның ішінде, қаңтар оқиғасына қатысып, істі болған азаматтарға рақымшылықтың жасалуы көпшіліктің күпті көңілін тарқатқан орынды шара болды. Жақында Президент бұл заңға қол қойды.

Қаңтар оқиғасына қатысқандардың көпшілігі өрімдей жастар. Олардың сол тұста көңіл-күйдің жетегінде кетіп, тобырдың шылауына ергені жасырын емес. Сол жастардың мемлекет тарапынан жасалған бұл игілікті шараның маңызын түсініп, қателіктен өмірлік сабақ аларына сенім мол. Заңда қылмыстық теріс қылық, жеңіл және ауырлығы орташа қылмыс жасағандардың соттылығы алынып, жазадан толық босатылатыны айқындалған. Ал ауыр және аса ауыр қылмыс жасағандардың жаза мерзімі қысқартылмақ. Соның ішінде ауыр қылмыс жасағандар жазасының 4/3-і қысқарса, ауыр қылмыс жасағандар өзіне белгіленген жазаның жартысын ғана өтейтін болады.

Т.ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

КӨКЕЙКЕСТІ



Отбасылық даулар – қазіргі кезде өзекті мәселенің бірі. Президент Қ. Тоқаев: «Бақытты отбасы – ел өркендеуінің негізі» деген болатын.

Тек отбасы бізге күш пен өзімізге деген сенімділік береді, өмір үйрететін сабақтардан сүрінбей өтуге көмектеседі, адамгершілік құндылыққа баулиды. Алайда, өкінішке қарай, біздің елде әрбір үшінші отбасы-

ның шаңырағы шайқалып, әрбір үшінші неке бұзылып жатыр.

Қазіргі таңда сот өндірісінде отбасылық тұрмыстық және неке бұзу жөніндегі талап арыздар жылдан жылға көбеюде. Осыған орай, Шымкент қаласының аудандық соттарында «ОТБАСЫЛЫҚ СОТ» жобасы қолға алынып, жүзеге асырылып келеді. Бұл бастаманың басты мақсаты – ерлі-зайыптылар арасындағы жанжалды бітімгершілікпен шешіп, татуласына септігін тигізу.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» – деген қазақтың нақыл сөзі отбасындағы тәрбиенің адам баласы үшін қаншалықты маңызды екенін айқындап тұр. Өмірдегі ең қуанышты қылық дәурен отбасында өтеді. Бала өмірінің алғашқы күнінен

бастап ата-ана өздерінің негізгі борышын, тәрбие жұмысын атқаруға кіріседі.

Босағасы берік отбасында әрбір адам өзара қамқорлық пен татулыққа, үй іші жұмысын жұмыла кірісіп орындауға, жақсы мен жаман туралы пікірін ортаға салып ұштастыруға, қаражатты дұрыс бөліп тұтынуға, еңбекпен табылған ақшаны бағалап, қадірлеуге үйренеді.

«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» дегендей, бала өскен сайын, оның тәрбиесі де күрделеніп, оған қойылатын талаптар да күшейе түседі. Бала жақсы адам болып өсуі үшін, ол күн сайын отбасы мүшелері арасындағы ең жарасымды, ең әділетті қарым-қатынастардың куәсі болуы керек. Отбасы шын мәнінде тату-тәтті, өзара

түсіністікте болса, одан адамгершілік пен әділеттің көрінісі айқын сезіліп тұрады.

Әрине, сот өз кезегінде істі қарайды, сондай-ақ отбасы арасындағы түсініспеушілікті жою мақсатында психологтың көмегін ұсынады. Бүгінде «Отбасылық сот» пилоттық жобасына психологтар да тартылды. Жоғарыда көрсетілген факторлардың алдын алу мақсатында татуластырушы судья және кәсіби психолог-медиатор кеңестерімен отбасын сақтап қалу және осы факторлар бойынша ерлі-зайыптылардың үзілген үмітін жалғау басты мақсат болып табылады.

«Право» ҚҚ Шымкент қаласының Абай аудандық сотымен бірлесе отырып, медиаторлар мен психологтардың кабинетін ашты. Кабинеттің ашылуына

АБҚО КеАҚ грантын іске асыру шеңберінде Бақытты отбасы отбасылық соттар жанындағы Отбасын ресурстық қолдау орталығын дамыту негіз болды. Олардың жұмысы ерлі-зайыптыларды татуластырып, Шымкент қаласында ажырасуды азайту мақсатында мамандардан кеңес алуға бағытталмақ. Ерлі-зайыптыларға психологтар мен медиаторлар тегін көмек көрсетеді. Мұнда отбасылық дауларды шешуге және толыққанды отбасын сақтауға жағдай жасалып, жанжалдарды сотқа дейін және соттан тыс реттеу шаралары қамтамасыз болады. Ажырасуға шешім қабылдаған ерлі-зайыптыларға дағдарыстан шығудың басқа жолын табуға көмектеседі, сонымен қатар психологиялық және құқықтық қолдау береді.



Лязат ӘУЕЛБЕКОВА,
Шымкент қаласы
Абай аудандық сотының
судьясы

Мұның өзі күнделікті күйбін тіршіліктен қажыған отбасы мүшелерінің ішкі жандануына қолұшын беретін таптырмас көмек.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

2022 жыл – Қазақстанда Балалар жылы деп жарияланды, сонымен қатар мемлекеттік билік олардың құқықтарын әрқашанда жан-жақты қамтамасыз етуге міндетті. Оның ішінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үй құқықтарын қорғау және оны қамтамасыз ету өте маңызды іс. «Жетім көрсен жебей жүр», – дейді қазақ.

Ресми статистикаға сәйкес, 2021 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Қазақстанда жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың саны 23 063 адамды құрады. «Төрелік» АЖ ұсынған мәліметтер бойынша, олардың 80% тұрғын үймен қамтамасыз етілмеген. Арнайы мекемелерді бітіргеннен кейін тәрбиеленушілер тұрғын үй алумен байланысты проблемаларға тап болады. Яғни, балалар үйінен шыққанда олар тұрғын үйсіз қалатын жағдайлар жиі кездеседі. Сондықтан, мемлекет жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға ерекше назар аудару қажет. Олар әлеуметтік жағынан да, құқықтық жағынан да ең аз қорғалған, әлеуметтік топ. Халықаралық құқықта да ата-ана қамқорлығынан айырылған балаларды қолдау және қорғау қажеттігі көрсетіледі.

Мұндай балалардың құқықтық мәртебесі заңнамалық тұрғыдан ерекше бекітілген, өйткені олар құқықтарын жүзеге асырудың әлдеқайда аз мүмкіндіктеріне ие. Олардың ерекше құқықтық мәртебесінің пайда болуы ата-анасының қамқорлығынсыз қалумен байланысты, сондықтан қосымша құқықтарды, жеңілдіктерді, оның ішінде тұрғын үй қатынастары саласында да құқықтарына ие.

Жетім балалардың тұрғын үй құқықтарын реттейтін құқықтық нормалар тұрғын үй кодексінде бекітілген. Бұған қарамастан, елімізде жетім балалардың тұрғын үй құқықтарын қамтамасыз ету проблемасы көптеген жылдар бойы өзекті мәселелердің бірі болып қала береді. Іс жүзінде мұндай азаматтардың құқықтары көбінесе әкімшілік органдар тарапынан бұзылады, бұған сот практикасы дәлел бола алады. Мәселен, Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына 2021 жылы 84 талап-арыз түсті, 2022 жылдың 1-ші жартыжылдығында 87 талап-арыз. 2021 жылы талапкерлердің пайдасына 75,86%, 2022 жылы 58% талап арыз қанағаттандырылды.

Өткізілген талдау шағымдар келесі сұрақтарға қатысты екенін көрсетті:

- мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй беруге мұқтаждарды есепке қою және есептен шығару;

- тұрғын үйді жекешелендіру. Есепке қою және есептен шығару.

Заңның 73-бабының 1-бөлігінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар есептен шығарылуға жатпайтыны көзделген. Бұл норманы барлық әкімшілік органдар қатаң сақтау керек.

Мысалы, Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының шешімімен азаматша К-ның «Алматы қаласының коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне талап-арызы қанағаттандырылды. Сот шешіміне сәйкес тұрғын үйге мұқтаждар тізімінде тұрған және отбасы құрамымен бір адам «жетім балалар» санаты бойынша есепке қойылған талапкерді тұрғын үйге мұқтаждар есебінен шығару заңсыз деп танылды.

Анықталғандай, Алматы қаласы әкімдігі жанындағы тұрғын үй комиссиясының қаулысымен талапкер «жетім балалар» санаты бойынша коммуналдық тұрғын

үй қорынан тұрғын үй беруге мұқтаждар есебіне қойылды, ал 2022 жылы талапкер тұрғын үйге мұқтаждар есебінен шығарылды, өйткені 2021 жылдан бастап талапкердің Алматы облысында тұрғылықты мекенжайы тіркелген.

Бала құқықтары туралы Конвенцияның 3-бабының 2-бөлігіне сәйкес қатысушы мемлекеттер ата-анасының, қорғаншыларының немесе қамқоршыларының құқықтары мен міндеттерін назарға ала отырып, баланы оның әл-ауқаты үшін қажетті осындай қорғау мен қамқорлықты қамтамасыз етуге міндеттеледі. Және осы мақсатта барлық тиісті заңнамалық және әкімшілік шараларды қабылдайды.

Осы Конвенцияның 20-бабының 1-бөлігіне сәйкес өзінің отбасылық ортасынан уақытша немесе тұрақты түрде айырылған немесе өзінің ең жақсы мүдделері үшін осындай ортада қала алмайтын баланың ерекше қорғалуға және мемлекет ұсынатын көмекке құқығы бар.

Заңның 68-бабы 1-тармағының 6-тармақшасына сәйкес халықтың әлеуметтік қорғалатын топтарына жиырма тоғыз жасқа толмаған, көмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған жетім балалар жатады. Сонымен қатар, заңның 73-бабының 1-бөлігінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың есептен шығарылмайтындығы көзделген.

Іс жүзінде 29 жастан асқан «жетім балалар» санатына жататын азаматтарға тұрғын үйді жекешелендіруден бас тарту жағдайлары жиі кездеседі. Бұл жерде заң нормаларын дұрыс түсіндірмеу жағдайлары орын алады. Заңның 68-бабының 6-тармағына сәйкес, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына: жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, жиырма тоғыз жасқа толмаған, көмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған балалар жатады.

Бірақ, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жататын азаматтардың жасына қойылатын талап коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке алу кезінде ғана қарастырылатынына назар аударған жөн. Сондықтан, ҚР заңнамасында мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жекешелендіру кезінде жасына байланысты талап жоқ екендігін ескеру жөн.

Мысалы, Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының шешімімен талапкердің коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйді жекешелендіруден бас тартуын заңсыз деп тану туралы талап-арызы қанағаттандырылды.

Сот отырысында, сегіз жастағы азамат Н-ның «Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернат» КММ-не бөлінгенін, одан әрі «Балалар үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне, содан кейін «Жастар үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне ауыстырылғанын, сол жерден 29 жасқа толуына байланысты кеткені анықталды.

Талапкер өз бетінше кезекке тұрып, жекешелендіру құқығымен тұрғын үй алды. Бірақ 2022



Ұлан ҚАЗЫКЕН,
Алматы қалалық
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

жылы басқармаға жүгінген кезде, талапкер 29 жастан асқанына байланысты жекешелендіруге рұқсат берілмеген.

Сот жауапкердің бұл дәлелдерін заңсыз деп тапты: заң тұрғын үйді жекешелендіру тәртібін реттейді және мемлекеттік тұрғын үй қорынан өздері тұратын тұрғын үйлерді меншігіне тегін алатын тұрғын үй қатынастары субъектілерінің тізімі анықталған. Осылайша, заңнамаға сәйкес коммуналдық тұрғын үй қорынан халықтың әлеуметтік осал топтарына берілетін тұрғын үйді жалдаушы заңда көзделген шарттармен қалдық құны бойынша жекешелендіре алады. Ал жетім балаларға немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жататын азаматтардың 29 жасқа дейінгі жасына қойылатын талап коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж ҚР азаматтарын есепке алу кезінде ғана көзделген. Демек, Қазақстан заңнамасында мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жекешелендіру кезінде жасына қойылатын талап жоқ.

Осы санаттағы азаматтардың тұрғын үй құқықтарының проблемаларын шешуге түрлі субъектілердің қатысы бар. Тұрғын үй мәселелерін уақытылы шешу олардың тиімді және үйлесімді жұмысына байланысты. Сот практикасын талдау кезінде ӘРПК нормалары сақталмайтын белгілі болды. Атап айтқанда, азаматтардың өтініштерін қарау кезінде әкімшілік рәсімдер туралы ӘРПК-нің талаптары сақталмайды. Мысалы, ӘРПК-нің 66-бабының 1-бөлігінде және 73-бабының 1-бөлігінде көзделген әкімшілік рәсімді жүзеге асыру үшін қажетті өзге де іс-шараларды тиісінше хабардар ету туралы мәліметтер жоқ, атап айтқанда, әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік рәсімге қатысушыға әкімшілік рәсімдер жөніндегі алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік беруге міндетті. Бұл талаптар іс жүзінде сақталмайды.

Проблемалық аспектілердің қатарында білім және ғылым министрлігі мен жергілікті атқарушы органдар жалпы Қазақстан бойынша ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету бөлігінде орталықтандырылған, цифрлы, заманауи жиынтық есеп жүргізбейтінін атап өткен жөн.

Ата-анасының қамқорлығынан айырылған балаларға қатысты тұрғын үй дауларын қарау кезінде соттар уәкілетті органдардың өз құзыретіндегі мәселелерді уақытымен шешпейтінін атап көрсетті. Олар өз жұмыстарын әкімшілік рәсімдерді ескере отырып жоғары деңгейде атқаруы керек. Соттар, өз кезегінде, мемлекеттік органдармен диалог түрінде жаңа кодекстің ережелерін түсіндіру жұмыстарын әрі қарай жалғастырады.

ТЕМІРҚАЗЫҚ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оның жолын кесу Қазақстан соттарының қызметіндегі басым бағыттардың бірі. Сыбайлас жемқорлық мемлекет қауіпсіздігіне жүйелі қатер төндіреді, оның тұрақтылығының негіздерін бұзады, жүргізіліп жатқан экономикалық және әлеуметтік реформаларға кедергі келтіреді.

ПРОЦЕСТЕН ТЫС БАЙЛАНЫСҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністерін жою ел дамуындағы маңызды міндеттердің бірі. «ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңында» осы құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілік көзделген.

Сот – бұл мындаған адамдардың қақтығыстары шешілетін ең маңызды мемлекеттік институт. Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл сот жүйесінде белсенді жүзеге асатын міндет. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтардың жолын кесу және сот қателіктерін болдырмау, сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы күрес, кәсіпқойлық пен біржақтылық имиджіне нұқсан келтірмеу және азаматтардың жалпы сот жүйесіне деген сенімін қалыптастыру ашықтық, қолжетімділік принциптері негізінде жүзеге асырылады.

Осы бағыттағы жұмыстың жандануы мен тиімділігі үшін ҚР Жоғарғы Соты жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінде дербес құрылымдық бөлімше – «Ішкі қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлімі» құрылды, оған сот приставтарының аумақтық бөлімшелері кіреді. Осыған ұқсас құрылымдық бөлімшелер облыстық және оларға теңестірілген соттардың кеңселерінде де құрылған. Индетке қарсы күрес ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы, сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі салалық бағдарлама шеңберінде жүзеге асырылады.

Ішкі қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлімі және оның сот приставтарының аумақтық бөлімшелері «БЖЗК» айқындаған міндеттерді орындауға бағыт-

талған профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында белсенді және тұрақты жұмыс жүргізеді.

Аталған бөлім сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу мен жолын кесуде және мемлекеттік органдар мен сот жүйесі арасындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін бағалау кезінде нөлдiк көрсеткішке қол жеткізуге бағытталған.

Қазіргі уақытта барлық соттарда судьялар мен сот қызметкерлерінің сот процестеріне қатысушылармен процестік емес байланыстарына жол бермеу мақсатында келушілердің сот ғимаратында болуы туралы ереже әзірленіп, қолданысқа енгізілді. Аудандық және оларға теңестірілген соттар судьялар мен сот қызметкерлерінің процесте қатысушылармен процестік емес байланыстарының жолы қатаң бақыланып, мүлдем кесілді.

Бұдан басқа, бүгінгі күні сот отырыстарының барлық залдары дыбыс-бейне тіркеумен жабдықталған. Оған қатысушылар «Сот кабинеті» сервисі арқылы судьяның цифрлық қолтаңбасы бар электрондық сот актілерін ала алады. Осылайша, судья жұмысының ашықтығы соттардың шешімдерін алудағы жеделдікті қамтамасыз етті.

Бұл ретте мемлекет пен қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы біріге күрес жүргізе отырып, жемқорлықтың жолын кеседі, тамырына балта шабады.

**Ж. КӘРІМБАЕВ,
Шахтинск қаласының әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған сотының судьясы
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ**



СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ СЫБАЙЛАСТЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСЕДІ

ҚР Жоғарғы Соты талай жылдардан бері жемқорлықпен нәтижелі күрес жүргізіп келеді. Индетпен белсенді күрес бүгінгі таңда өз нәтижесін берген. Қазір барлық соттар мен сотқа қатысты мекемелерде ашықтық орнаған. Электронды сот кабинеттері де бұл мәселеде көп көмегін тигізіп жатыр. Барлық соттарда жұмыс істеп тұрған Ішкі қауіпсіздік және соттардағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлімі арнайы бағдарламалар негізінде нәтижелі еңбек етіп жатыр.

Соттағы барлық шаралар тұрақты негізде өтеді. Мәселен, сыбайлас жемқорлық элементтеріне қарсы іс-қимыл, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық көріністері туындаған кезде азаматтардың жүгінугіне мүмкіндік беру мақсатында, аумақтық бөлім бастықтарының азаматтарды күнделікті қабылдауы өзінің жемісін беруде.

Бұдан басқа, судьялық корпус пен сот қызметкерлерінің қызметінде сыбайлас жемқорлықтың факторларының алдын алу үшін және шұғыл шара қабылдау мақсатында бөлім «сенім телефоны» (Call-центр) бойынша жұмыс жүргізуде. Бұл азаматтардың өтініштеріне, ұсыныстарына, шағымдарына дер кезінде ден қою, судьялық корпус пен сот қызметкерлерінің тарапынан құқық бұзушылықтар туралы хабарламаларды үнемі назарда ұстайды. Сот жүйесі органдарының имидждік саясатының тұжырымдамасын іске асыру жоспарын әзірлеуде істі ілгерілетті.

**Нұрлан ЕСҚАЛИЕВ,
Қазталов аудандық №2 соты
кеңсесінің аға сот приставы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ**

ӨРТУРЛІ

10. Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Шевцов көшесі, №18 мекенжайы бойынша орналасқан «Жаңғырту 2012» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 120540010346, Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 24 маусымдағы қаулысына сәйкес, Орал қаласы, Желтоқсан көшесі, 6/1 мекенжайында орналасқан «Орал Құрылыс Жөндеу Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, БСН 090240006249, қосылу арқылы қайта құрылатындығы туралы хабарлайды.

13. «I TRADE SO KZ» (Ай ТРЕЙД КО КЗ) ЖШС, БСН 220640047637, жарғылық капитал мөлшерінің азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Луговая көшесі, 13/3 үй.

16. **Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы**

бос лауазым - Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының «№1 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры лауазымын иеленуге конкурс жариялайды

Кәсіпорынның мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Қ.Рысқұлбеков көшесі, 1/2.

Кәсіпорын қызметінің қысқаша сипаттамасы: оқушының жеке қабілеттерін жан-жақты дамыту, спорт түрлерімен шұғылдану үшін қолайлы жағдай жасау; жыл бойы оқу-жаттығу сабақтарын толық көлемде ұйымдастыру және өткізу; қалалық, облыстық құрама командалар үшін, ҚР құрама командаларының жасөспірімдер, жастар және негізгі құрамы үшін спорт резерві – спортшыларды дайындау; ұлттық және жалпы адамгершілік құндылық, ғылым және тәжірибе жетістіктері негізінде жеке тұлғаның қалыптастыру, дамыту және кәсіби қалыптасуына бағытталған сапалы білім алуына жағдай жасау.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе бизнес және басқару немесе құқық;

- мамандығы бойынша, оның ішінде дене шынықтыру және спорт саласында басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің кемінде 5 жыл болуы.

Білуі тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы; Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі; Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі; «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Қазақстан Республикасының заңдары; педагогика, психология және физиология негіздері; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

Конкурсқа қатысуға ниет білдіруші азаматтар Батыс Қазақстан облысының Дене шынықтыру және спорт басқармасына төмендегідей құжаттарды тапсырады:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелді) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар туралы құжаттардың көшірмелері және т.с.) беруіне болады.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар конкурс туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде мына мекенжайға тапсырылуы керек: Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 201 үй, 401-бөлме.

Конкурс Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасында өтеді. Анықтама үшін телефондар: 8(7112)504617, 504345.

17. «Шапағат» арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ азаматтық қызметшінің бос лауазымына байқау жариялайды:

1. Балалар невропатологы – 1 бірлік;
2. Балалар травматолог-ортопеды – 1 бірлік
Қойылатын талаптар: жоғары медициналық білім, мамандық сертификаттары, еңбек өтілі 5 жылдан кем емес.
3. Ем-дом мейірбикесі – 1 бірлік;
4. Мейірбике – 1 бірлік;
5. ЕДШК нұсқаушысы – 1 бірлік;
6. Жүзу инспекторы – 1 бірлік;
7. Бухгалтер – 1 бірлік.
Қойылатын талаптар: жоғары немесе орта арнайы білім, арнаулы мамандық сертификаттары, еңбек өтілі 3 жылдан кем емес.
1. Конкурсқа қатысу жөніндегі өтініш;
2. Кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы;
3. Жеке куәлік көшірмесі;
4. Білімі туралы құжаттардың көшірмесі;
5. Еңбек кітапшасының көшірмесі;
6. Медициналық тексеруден өткендігі туралы кітапшаның көшірмесі;
7. Сотталмағандығы жөнінде анықтама.

Құжаттар хабарландыру берген күннен бастап 15 күн ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Орал қаласы, 4-ші ықшамаудан, 12/1. Тел.: 87112221233.

Көрсетілген құжаттардың бірінің болмауы құжаттарды конкурсқа қатысушыға кейін қайтару үшін негіз болып табылады.

26. «МФ Осер Кредит» ЖШС өзінің «Осер Ломбард» ЖШС-не қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Иссыкская көшесі, 56а, №17 кеңсе, тел. 2209825.

19. Жария тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – ҰСБ) уәкілетті орган тұлғасында мемлекеттік монополия субъектісі – «Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақпараттық-есептеу орталығы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – АЕО РМК) іске асыратын қызметтер бағасын жоспарлы бекіту үшін жария тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қызметтер түрі:

1. Жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар және ұлттық санақтар кезінде алынған, аумақтық статистика органдары мен респонденттер ұсынған алғашқы статистикалық деректерді жинау, өңдеу және оларды электрондық түрде сақтау;

2. Уәкілетті органның ақпараттық-статистикалық жүйелерін, статистика тіркелімдерін сүйемелдеу;

3. Уәкілетті органның дерекқорларын және ақпараттық-статистикалық жүйелерінің тұғырнамаларын, интернет-ресурсын сүйемелдеу және өзектілендіру.

Жария тыңдауларды өткізу 2022 жылдың 9 желтоқсан сағат 10:00-де ҚР, Астана қаласы, Иманов көшесі, 13, 5-кабат, 501-кеңсе мекенжайы бойынша жоспарланып отыр.

Байланыс телефондары және интернет-ресурстың мекенжайы:
СЖРА ҰСБ: тел. 8(7172)74-90-47, www.stat.gov.kz
АЕО РМК: тел. 8(7172)55-24-41,8(7172)55-24-23, www.statdata.kz
Мекенжайы:
СЖРА ҰСБ: ҚР, Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы, 8, 4-кіреберіс
АЕО РМК: ҚР, Астана қ., Иманов к-сі, 13, 5-кабат.

20. Семей қалалық сотына азамат Нурлыева Ольга Мугалимовнадан 1981 жылғы 29 сәуірде дүниеге келген, Абай облысы, Семей қаласы, Жастық шак көшесі, 19 үй, 35 пәтер мекенжайы бойынша тұрған Нурлыев Николай Мугалимовичті хабар-ошарсыз кеткен деп жариялау туралы арыз келіп түсті. Нурлыев Николай Мугалимовичтің орналасқан жері туралы мәліметтері бар тұлғаларға бұл туралы Семей қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 22 мекенжайы бойынша Семей қалалық сотына хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде хабарлауды сұраймыз. Тел.:8.7222601009.

ТАРАТУ

2. «Досқул» кредиттік серіктестігі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 120440026795) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақжайық ауданы, Ақбұлақ ауылы, Бірлік көшесі, 7 үй. Тел.: 8701318869.

3. «seidulla» ЖШС (БСН 220940000027) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Рудный қаласы, тел.: +77084941065.

4. «ТенгизТрансЛогистикс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ТенгизТрансЛогистике), БСН 200840025977, өзінің жойылатынын хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Қазақстан Республикасы, 050013/А15Т6К6, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Н.Назарбаев даңғылы, 187Б мекенжайы бойынша қабылданады, тел.: +7 707 290 90 00.

5. «Қарашығанақ «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 120840016118, заңды мекенжайы: Қазақстан, Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Жарсұат ауылдық округі, Қарашығанақ ауылы, Қарашығанақ көшесі, 1А үй, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, Железнодорожная көшесі, 80. Тел.: 87113320580.

11. «АвтоПромПоставка» ЖШС (БСН 220340004682) тарату туралы шешім қабылдады. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Қонаев қаласы, Индустриальная көшесі, 9 ғимарат, индекс 040800.

14. Жалағаш селолық тұтыну кооперативін тарату туралы Жалағаш селолық тұтыну кооперативінің таратылатынын тарату комиссиясы хабарлайды және тарауға байланысты ұсыныстарды осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылдайды: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Төле би көшесі, №1 ғимарат.


15. Хабарландыру
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің «Күншүак» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық ксіпорны, БСН 100740014649.
Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Ақкөл ауылы, Кенжеғали Сағадиев көшесі, 1 ғимарат, индекс 110600.
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің «Күншүак» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық ксіпорны Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 22 қазан №472 қаулысы негізінде өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай ауылы, Ыбырай Алтынсарин көшесі, 4 ғимарат, пошталық индексі 110600, анықтама телефоны: 871439-21162, 21488, 21050, 21456, 87029358999.

18. Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Айыртас ауылдық округі, Айыртас ауылы, Наурыз көшесі, 14 құрылыс мекенжайы бойынша орналасқан Қарағанды облысы білім басқармасының Ақтоғай ауданының білім бөлімі «Айыртас негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жабылғандығы жөнінде хабарлайды.

21. «Hoysa Trand Company» ЖШС, БСН 181240018770 (тіркелуі 21.12.2018 ж.) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Шанырақ-2» ықшамауданы, Тұрысов көшесі, 10 үй. Тел.: 87013500434.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).
«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилева Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com
ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхамет-ханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.
«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.
«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04
Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынулы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.
ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі,18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.
Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.
«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.
ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.
«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.
«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!



«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемида» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «**Қазпошта**» АҚ бөлімшелері, «**Қазпресс**» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «**Дауыс**» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:
✓ «Заң газеті» <i>жеке тұлғалар үшін – 65921,</i> ҚАЛАЛАРҒА: 6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4284,66 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 8569,32 ТЕҢҒЕ ОБЛЫСТАРҒА: 6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4506,06 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9012,12 ТЕҢҒЕ <i>заңды тұлғалар үшін – 15921</i> ҚАЛАЛАРҒА: 6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5184,66 ТЕҢҒЕ , 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10369,32 ТЕҢҒЕ ОБЛЫСТАРҒА: 6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5406,06 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10812,12 ТЕҢҒЕ
✉ zanreklama@mail.ru

22. «Ақоба» АШК, БСН 210640028857, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Жәнібек ауданы, Жәнібек ауылы, А.Иманов көшесі, 79 үй, тел.: +77716676922.

24. «KazGlobalServices» ЖШС (БСН 110540000307) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 17-ші шағынаудан, 7 үй, 18 т.е.б.

25. «Meir Com» ЖШС, БСН 181040033995, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, КазЦИК ауылы, Ескелді би көшесі, 1 үй.

МҰРАҒЕРЛІК

6. Азамат Мирвалиев Хамидтің 14.08.2022 жылы қайтыс болуына байланысты артынан мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлері Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Т.Мадиходжаев көшесі, №15 ғимарат мекенжайында орналасқан нотариус Жолдасов Динмуханбет Алданиязовичке хабарласуын сұраймын.

7. Азаматша Кулжанова Куланда Исмаиловнаның 15.07.2022 жылы қайтыс болуына байланысты артынан мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлері Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Т.Мадиходжаев көшесі, №15 ғимарат мекенжайында орналасқан нотариус Жолдасов Динмуханбет Алданиязовичке хабарласуын сұраймыз.

8. Азамат Тегисбаев Абдихалық Калмахановичтің 9.06.2022 жылы қайтыс болуына байланысты артынан мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлері Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Т.Мадиходжаев көшесі, №15 ғимарат мекенжайында орналасқан нотариус Жолдасов Динмуханбет Алданиязовичке хабарласуын сұраймыз.

9. Азаматша Шукубасова Жумақульдің 1.02.2016 жылы қайтыс болуына байланысты артынан мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлері Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Т.Мадиходжаев көшесі, №15 ғимарат мекенжайында орналасқан нотариус Жолдасов Динмуханбет Алданиязовичке хабарласуын сұраймыз.

12. Қызылорда облыстық нотариаттық аймағының нотариусы Ш.Т. Кадиров 12.10.2022 жылы қайтыс болған Зейнуллин Орақтың артында қалған мұра бойынша мұралық істің ашылуына байланысты марқұмның мұрагерлерінің жоғарыда аталған мекенжайда орналасқан нотариусқа жедел түрде хабарласуларын сұрайды.

23. 15.05.2022 ж. қайтыс болған аз. Үкітаев Бакыт Қожахметұлына қатысты мұрагерлік істің ашылуына байланысты мұрагерлеріне және мүдделі тұлғалардың Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шанырақ» сауда орталығы мекенжайында орналасқан жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуы қажет. Тел.: 87014743502.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Кандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 **www.gazetyisaity.kz**, e-mail: **vsegazety@mail.ru** Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: **kaldybaeva@mail.ru**. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

Бүгін ол қоймадағы «Көк барак» қылмыс материалдарын қайта қарау үшін түн ішінде шам жақты. Шамның жарығына тиісер жел де, қолының салқыны да жоқ. Энергиясы мен тыныштығы, ақыл-қуаты ең бабында тұр. Қалайда бұл канды оқиганын бір көк итті айналсоқтай беретіні қыр-сық-ақ!

1942 жылы 7 сәуірге қараған түннің соңы. Алакөлеңке. Ұлан-Батыр қаласының айқабақ түні жылқы кекілінің төбесінде жадырап қарап тұр. Айға бір рет көз тастаған қылмыскер қақпасы ашық аулаға жылдам сіңіп бара жатты. Артынан тарс-тұрс еткен дыбыс. Аздан кейін мұны қаңылтырдың шыңылы мен ағаштың жарықшақ үні алмастырды. Тып-типыл қылып өшіруге келген дала желі бұл адамдардың шуын езгілеп, күбір-сыбырға айналдырып жіберді. Ұлан-Батыр таңы қала түнінде не болғанын хабарлау үшін қала аспанына қырмызы торсық күнін қызартып іліп қойған. Сақшылардың тексерісі, анықтауы жүріп жатыр. Үйде бес бала өлген, бір әйел, бұл олардың анасы болса керек. Ол да өлім күшқан. Бір көз жеткізбес нәрсе – үйде адам ізі жоқ, тек иттің иісі үй ішін кернеп кеулеп, иттің түлеген бұрыл жүні жатыр. Сақшылар ештеңе таба алмай, ізкесушілер (детективтер) келіп айналыса бастады.

– Тыныштық па?
– Бұл антұрған иттің бақайшығынан аяқ киім жасап алып өзінің арам ойын іске асырған. Әйелдің бетін иттің тырнағымен аяусыз осқан. Бұдан тыс, әйелдің бетіндегі тырналған ізге зер салсаң, аюдың тырнағын нақты таба аласың. Демек, бұл қылмыскер аңның өткір тырнақтарын жақсы пайдаланады.
– Мұны енді таба аламыз ба?
– Сақшылардың миына құтырған ит шабуылдады деген ой ғана кірген бе?
– Ол да кірмеген сынайлы. Адамдар өлген соң барып тап берген бұралқы деп ойлаған.

– Қаңғыбас ит деген дейсіз ғой?
– Иә-ә-ә!...
– Бұны қалай жауып қоя аламыз?
– Бірер күнде табылып қалар.
– Аю терісін, өтін саудалайтындарды анықтаймыз ба?
– Бұл әккі аюдың тырнағын неше жылдан бері сақтап жүрген болса ше? Шеттен алып келген біреу болса қай-теміз?

– Қалай болғанда да іргедегі Қашыр-тыға, терістіктегі Шағамөрденге, одан әрі Өделгенге де адам жіберу керек.
– Бұрқанданы мен өз мойным алайын. Онда жиендерім аңшылық саудагерлерін жақсы біледі.
– Алтанбұлаққа?
– Оны қоя тұр. Ол жерден аю өтін сұрастырып таппағам.
– Аюлы ел емеспіз. Мынау біздің Құбыда мекендейтін Мақалай аюдың тырнағынан бетер состиган.
– Оны өзім де байқап тұрмын. Бұл Алтайдың қоңыр аюы.
– Бұл сонда қазақ болуы мүмкін бе?
– Мұнда мандыған қазақ барма?
– Бұл олардың арасына барып келген өзіміздің жыртқышымыз.
– Мұндай қандықолдыққа ойраттар болмаса біздің қалқалар бара бермейді.
– Қалқа, ойрат деп бөліп отыратын уақыт емес. Қаражүректе ұлт бола ма?

Барула үнсіз қалды. Әріптесі әйелдің беті мен мойнындағы тырнақ ізінің ұзындығын қағазға дәл өзіндей ұзартып сызып естелікке алды. Қағазды бүктеп қойнына салды. Сөйтті де қойнынан қайта шығарып:

– Бұл қағаз қылмыскердің мирасы болып қойнынан түскен қағаз болсын. Күлді.
– Сен тауып алған бол.
Барула да күле түсті. Олардың шашыраған күлкісінің алдында денелері қозғалмаған мәйіттер жатқан.
– Иттің адамша күлгеніндей әрекет жасамайық.
– Әурақтарға қылығымыз жақпайды.

– Сен осы әруакқа сенесің бе?
– Төраға Чойбалсан құптамайтын нәрсені айтпайық.



КӨК БАРАҚ

– Боғда ханның әруақты қатты сыйлайтынын түсінем.
– Ол кісілердің заманы өтті ғой.
1942 жылы 8 сәуір. Түннің ортасы. Барула темекісін бұрқыратып тұр.
– Тағы сол өлім жауған үйдеміз.
– Тыныш отыр.
– Өлім жаумай немене? Алтауы айдың күні аманында жан тапсырса.
– Марқұмдарды жер қойнына тапсыруға рұқсат етейік.
– Әлі де қарап алмаймыз ба?
– А, айтпақшы, марқұмдарды дала жосыны бойынша жерлетейік.

– Заңға томпақ.
Барула темекісін сілкіді.
– Қылмыскерде жауыздық бар, тағылық бар. Далалық бар. Далалық қасиеті болса өлілердің денесінің табиғат құшағындағы жыртқыштарға тапсырылғанын қалайтын шығар. Меніңше бұл бір адамжегіш. Барула бас шайқады. Қарсы тұрғаннан емес, қосылып аң-таң болғанынан. Бұл адам өз жемін осылай тырнап, сойып ұсқынсыз етіп, өлушінің мәйітін тоздырып далаға тастауымызға мәжбүр етіп жасаған.
– Қане, осы жолмен сынап көрейік. Жоғарыға өзім түсіндірем.

1942 жылы 9 сәуір. Сағат 09:30.
– Сағат нақты 09:30!
– 2 минут өткеннен кейін ше?...
– 2 минуттан кейін арбамыздың үні тағы жерді солкылдатып басады.

Екеуі де қатар темекісін бұрқырата түскен.
– Мәйіттерді осы араға тастайық.
– 3 күн жақсы сақтатыпсың.
– Бар амалды жасадық қой.
– Бетперденді таға сал. Мәйіттерден иіс шығып жатыр.
– Темекімді тастап алайын.
Әріптесі одан бұрын темекісін тастап үлгерген. Арбадан қарғып түсті да діни тастың жанындағы жалаулаған киқымдардың тізбегіне көз ұшымен қарап тұрып, шымқалған мәйіттерді тізіп сүйей бастады.
– Көмектес!

1942 жылы 9 сәуір. Түстен кейін сағат 16:38
– Жата-жата жамбас ауырды.
– Келіп қалар бірдеңе.
– Арбаны жасырған орнымыз көзге түспей ме?
– Түспейді.
– Мен түс көрдім. Ол біздің соңымыздан баспалап келе жатқан.

– Түсінде көрсең ендеше келіп қалар.
– Қолға түсерсің әлі-ақ!...
– Сазайынды берермін, – әріптесі тапаншасын суырып сипап-сипап жіберді.
– Қой, Гүйік. Байқамай басып жіберерсің. Неге назаланып отырсың. Сабыр ет.
– Себебі, мен оның қарасын көрдім. Сен тек сыбырла.

– Қане?
– Анау қырғауыл тектес қозғалған құс бейнесін көрдің бе?
– Құс сияқты көрінеді.
– Құс емес. Құс боп алдап жүрген бір түрлі тылсым киінген адам. Біз таптық.
– Күтейік.

1942 жылы 9 сәуір. Түстен кейін сағат 17:53
– Тоңып кеттім.
– Әлі келмеді ғой.
– О, тәуба, әлі құс ойынын ойнап жүр. Өзінің жанында екінші құс жүргендей етіп қуыршақ жасап ап екі қолын өзара төбелестіріп жүр. Бұл қандай хайуан?

– Ол шаршамайды. Төзімді. Асықпай істейді.
– Бұл кім екен, ә?
– Бері беттеді. Байқадың ба?
– Иә, ақырын, ақырын...

1942 жылы 9 сәуір. Түстен кейін 18:24
– Бәрің мұқият естелікке алып отырсың ба?
– Иә, тіпті оғаш сөздерімізді де, минуттар есебін де.
– Ұқыптысың, Гүйік.
– Маған зияны тиетін сөздерді тізбе.

Гүйік шапқысын қозғап-қозғап қойған. Адам өлтіруші мәйіттерді тік тұрған күйінде бетін тіліп, пышағымен кеспектеп жей бастады.
– Түршігіп кеттім.
– Тапаншанның көзін жой.
– Ол желден де сезгір болуы мүмкін. Ойнас жасайтындар мұрнының тым сезімтал, артықша тазаланғыш болып келетінін білесің ғой. Өздері арам болса да. Мынада осындай қасиет дамыған болуы мүмкін. Енді тек қағазға жазып сөйлейік.

Жазулар:
– Аяғынан жаралайын ба?
– Бос жібереміз.
– Біз мұның екінші қылмысын кү-теміз.
– Ол неге керек?

– Тың деректерге жолығуымыз мүмкін. Мүмкін мемлекетке пайдалы.
– Күткенің болсын!
1942 жылы 9 сәуір. Кешкі 19:24
Жазулар:
– Нақты бір сағат болды ол келгелі.
– Әлі жеп жатыр.
– Көріп тұрмын ғой жеп жатқанын.
– Қалай сытылып шыға аламыз?
– Арба қалсын. Жел бағытымен иіс сездірмей домалайық, жүрелейік, жүремізді басып жүгірейік.
– Тағы жазатының бар ма?
– Ештеңе жазбаймын.

Гүйік қол сілтеді де баяу аунай бастады. Көктемге қолы енді жете бастаған жердің көгере алмай жатқан сары тепсеңін олар сарғыш әскери киімдерімен шытырлата бастады. Өлденеден кейін екеуі екі сары түймешікке айналып көз ұшында бұлдыраңдап қалды. Жауыз адам мәйіттерді жеп жатыр.

1943 жыл 7 сәуір. 21:04 (Бір жылдан соң)
– Өткен жолы қылмыскерді қолдан жіберіп едіңдер. Жыл толғанда, тура сол уақытта тағы бір үйлі жанды қырып, сол жердің өзінде талап жеп кетіпті.

– Тағы қобыраған бұрыл иттің түленді жүні, ит иісі. Тырнақ ізі адам белгісі жоқ, – деп қағазға қарап міңгірлеп оқыған жас сақшы башының сөзіне тұздық қосып қойды.

Барула мен Гүйік бір-біріне аң-таң қарады. Биыл Гүйік көзіне көзілдірік таққан болатын. Көзілдірігінің төмен сырғығанын көріп қайтадан жоғары көтерді.

– Анықтаймыз.
– Жә-ә!...

Ганбатыр «жарайды» дегендей қолын сілтеді.

– Айтпақшы, тұра тұрындар. Оқиға екі сағат бұрын болған. Адамдар келіп қалып қарасын өшірген сынайлы. Қала ортасынан оны іздеп таба аласыңдар ма?

– Шетке шығып кетпесе.
– Жә-ә!... Басымның сақинасы ұстап тұр.

Ганбатыр басын ұстап отырып қалды. Оның екінші бір қайыра қол сілтесінен кейін жас сақшы да шығып кетті.

9 сәуір. Таңғы 08:54
– Ә-әх... Әх-әх...

Сақшылар үйге қуана ұмтылды. Оларды қуандырған осы қиналған дауысты қылмыскердің дап-дайын болып екі ізкесушінің қолына түсуі деп білді. Оқтаған тапаншасын беліне қыстырған сақшылар кіріп келгенде Баруланың сұлық түскенін, Гүйіктің жараланып қиналып жатқанын көрді.

– Ә-ә-әх...Өлтіріп кетті-ау жауыз. Байқап көріңдерші, тынысы бар ма екен?...

Сақшының біреуі жүгіріп барып Баруланың тынысын білді. Бас шайқады.
– Бұл жауыздың неше айдан бері мекендеген күркесі екен. Бірнеше айда бір ауыстырып тұратын сияқты. Әй-й-й, ауырып кетті. Не қарап тұрсындар. Ши-пагер шақырындар.
– Қазір келеді. Шақырдық.

Босағада сойдыып, қолтығына қағаз қысқан ақсары сақшының өңіне жаны ауырсынып қараған Гүйік оның сарылығынан көзінің шұңғылдығына таңданып тұрып ауырғанын сәл ұмытып жеңілдей түсіп:

– Қазақсың ба?
– Иә.
– Онда жақсы болды.
– Қобда жағында тудың ба?
– Қобда жақ. Сақсайдан.
– Сенің мына қылмысты анықтауға көмегің болады.

Гүйік ыңыранып жатып қалтасынан қалтаға салынған бірнеше аю тырнағын алып шықты.

– Бұл сенің жеріңнің аюынан. Олар өліп қалған аю болса да тырнақтары Ұлан-Батырға келіп қылмыс жасап жатыр.

Гүйік қиналып жатып күлді.
12 сәуір. Таңғы 07:30

Гүйік ұйқыдағы қызының дәптерін ашып оқып отыр. «Мына әлем аяқ астынан фашизмге ауыспай тұрып, мен сені «сүйетінімді» бір рет айтып қалғым келеді»

Гүйік қызының бұл үзіндісін оқып отырып ұрттаған суына шашалып қала жзадады. Ұйқыдағы қызына бір қарап қойды. Фашизм жайлы күнделікті суыт хабарлар кезінде бұл сөздер ең сәтті жазылған маржан сөзге тең болып көрінді. Десе де, қызы фашизм болмай тұрған кезді айтқандай ма? Алдағы болатын кезеңдерге көріпкелдік жасау ма?

13 сәуір. Түске таяу 11:48
– Тарпа бас салған адам жегішіміз өзімізге тап беріп, сол беті осы қаладан ұшты-күйлі жоғалды.

– Маңайдағы әкімшіліктерге сұрау саламыз. Дабыл қырамыз.

– Қажеті жоқ, Ганбатыр жолдас. Ол жуықта оралмайды. Оның айласы мен жолы көп.

– Енді қашан табылар?
– Жылдарға кетуі мүмкін. Оның үстіне, фашизмге қарсы соғыс болып жатқанда елді дүрліктірмейік. Бір қанішердің соңынан шуап жүргенімізде шығыстағы Жапонды қайтеміз? Бұл солардың арасына әлдеқашан өтіп кетті.
– Жапон қайдағы бір адам жегішті атып тастамай ма?

– Мұның оларға қандай сипатпен баратынын қайдан білеміз?
– Шекарашылар айға бата қып, сам санап, құм бетінен құмырсқа қарап жүрген жоқ.

Гүйік кілт тынды.
– Мұны енді «жапондардың тыңшысы келіп істеп кетті» деп таратайық.
– Жөн. Бұл халықты жапонға қарсы итермелеуге күш. 4 жыл бұрын Қалқынғолда жапондар жақындаса, халық оларға мүлдем қарсы бола түседі. Жаман айтпай жақсы жоқ дегенім ғой.
Басшы ызаланған ойға бекіп сәл ренжіңкі қабақ танытты.

1945 жылы 11 тамыз. Түске таяу 11:56 (2 жылдан соң)

«Мына әлем аяқ астынан фашизмге ауыспай тұрып, мен сені «сүйетінімді» бір рет айтып қалғым келеді»

Көкбөрі Мұбарак ҚИЗАТҰЛЫ

(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
 ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
 Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
 Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zankreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №169 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады. Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген. Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31